Әлеуметтік желілер, цифрлық платформалар, жасанды интеллект пен агрессивті маркетинг балалар дүниетанымына отбасы мен мектептен кем әсер етпейді. Өскелең ұрпақтың психологиялық саулығы мен эмоциялық тұрақтылығы, адамгершілік тәрбиесі ұлттық қауіпсіздікке және елдің орнықты дамуына ықпал ететін маңызды факторға айналды.

Қазіргі жағдай 2018 жылы қабылдаған «Балаларды

денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Заңды қайта қарауды және елеулі өзгерістер енгізуді талап етеді. Үкімет 16 жасқа толмаған пайдаланушыларға әлеуметтік желіде тіркелуге тыйым салатын заң жобасын әзірледі (биыл маусым айында Парламент қарауына ұсынылды). Құрылтайдың бірінші сессиясының ашылуында депутаттарға осы мәселені қарастыруды ұсынамын.

Көптеген озық елдер осы іспеттес шаралар қабылдады. Бізге де балалардың психологиялық жай-күйіне төнген қауіптің салдарымен күресуді доғарып, алдын алатын кез келді деп ойлаймын. Әйтпесе бұл қоғамның тұрақтылығына кері әсерін тигізеді.

Үкімет балаларды қорғау мақсатында мазмұнды (контентті) сүзгіден өткізу шараларын қабылдағаны жөн. Белгілі бір, мейлінше объективті себептерге байланысты жауапкершілікті ата-аналарға ғана артып қоя алмаймыз. Сондықтан балаларға арналған міндетті SIM-карталарды енгізу тәжірибесін жаппай таратуды тапсырамын. Бұл олардың ақпараттық иммунитетін қамтамасыз ете алады.

Тағы бір мәселе. Фаст-фудтың агрессивті жарнамасы қаптап кетті. Тез ішіп-желінетін тағам зиянды әдет қалыптастырады, денсаулық сақтау жүйесіне салмақ түсіреді, еліміздің еңбек күші әлеуетіне теріс әсер етеді.

Дәрігерлердің бақылауында қант диабетіне шалдыққан 7 мыңға жуық бала бар. Олардың саны көбеймесе, азайып жатқан жоқ. Көптеген ел құрамында май, қант және тұз мөлшері жоғары өнімдердің жарнамасына тыйым салады немесе шектеу қояды. Бұл өте күрделі мәселе. Түрлі шетін тұстары, пікірталастарға негіз болған медициналық, тіпті саяси астары бар. Дегенмен Үкімет, ең алдымен, балаларымыздың саулығын ойлап, аталған проблеманың ұңғыл-шұңғылын мұқият зерделеуі керек.

БЕСІНШІ. Бала тәрбиесі мәселесіне баса мән беру қажет.

Қоғамда заң мен тәртіпке, тазалыққа, мәдениеттілікке негізделген жаңа этика қалыптастыру ісі дәл осы маңызды миссияны жүзеге асырудан басталады. Қазір елімізде 7 миллионға жуық бала бар. Жастармен қоса есептегенде олардың үлесі халық санының жартысына жуықтайды.

Еліміздің келешегі жарқын болсын десек, ең алдымен, ұлағатты ұрпақ тәрбиелеуіміз керек. Жастардың бойына отаншылдық, білімпаздық, еңбекқорлық құндылықтарын сіңіруіміз қажет. Әйтпесе, салынған мектептерден, білім саласындағы инновациялық шешімдерден еш нәтиже болмасы анық. Бұл тұрғыдан алғанда, оқу-ағарту саласы айрықша рөл атқаратыны баршаға мәлім.

Мектептер сапалы біліммен қатар тағылымды тәрбиенің ошағы болуы керек. Балалар мектепке зор ынтамен баруы қажет. Олар мектепті білім алатын, құрдастарымен араласатын және өміріндегі ең тамаша жылдарды – балалық пен жастық шақтың шынайы ғажап кезеңдерін өткізетін өз үйіндей қабылдауға тиіс. Қалай болғанда да, жағдай дәл солай болуы қажет.

Тағы бір өзекті мәселе. Біз жастардың құқықтық сауатын арттыруға баса мән беруіміз керек. Менің тапсырмам бойынша осы жылдан бастап мектептерде «Құқық негіздері» пәні оқытылатын болды. Бұдан бөлек, оқу бағдарламасына «Конституция негіздері» және «Заң мен тәртіп» курстары енгізіледі. Негізгі мақсат: тек заңды сақтайтын, Конституцияны сыйлайтын жастар ғана жарқын келешекке, мол табысқа қол жеткізеді, түсінікті тілмен айтсақ, бақытты өмір сүреді.

Ал заңға немқұрайлы қарайтын, заң ережелерін бұзып жүрген жастар қылмыстық жазасын алып, өз өміріне балта шабуда. Өкінішке қарай, бұл өте қарапайым ақиқатты көптеген жас азаматтар білмейді де, түсінбейді де. Біздің міндет – оларға өмірдің осы шындығын түсіндіріп айту.

Жалпы, оқулықтардың мазмұны заман талабына, сондай-ақ, жаңа Конституция идеяларына сай болғаны өте маңызды. Осы міндеттің сапалы әрі уақтылы орындалуына Үкімет пен тиісті министрлік тікелей жауапты.

Сондай-ақ өскелең ұрпақты табиғатқа қамқор болуға тәрбиелеу қажет. Мен бұған дейін мектептер мен жоғары оқу орындарына экологиялық ағарту саласының бірыңғай стандарттарын енгізу қажеттігі жөнінде айттым. Үкімет бұл жұмысты жыл соңына дейін аяқтауға тиіс.

Сонымен қатар «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының қолданыс аясын кеңейте түсу керек. Қазір бұл бағдарлама, негізінен, орта білім саласында ғана жүзеге асырылып жатыр. Ұрпақ тәрбиесі – ел тағдырына тікелей әсер ететін аса маңызды міндет. Дегенмен осы мәселеге келгенде барлық жауапкершілікті тек мектептерге артып қою дұрыс емес. Біз тұтас қоғам болып, балаларға қауіпсіз әрі қолайлы орта қалыптастыруымыз керек. Ең маңызды мақсат: Конституцияның негізгі қағидаттары ұлттық болмысымыздың ажырамас бөлігі болуға тиіс. Жастарымыз Конституцияны жақсы білуі қажет. Сонда ғана қоғамымыз өркениетті, білімді, ұқыпты, ал еліміз өте дамыған әрі озық болатынына күмән жоқ.

Кітап оқу мәдениетін насихаттауға айрықша назар аударған жөн. Биыл тиісті Жарлыққа қол қойдым. Үкімет осы жұмысқа қоғам белсенділерін, шығармашылық пен ғылыми қауымдастық өкілдерін, журналистер мен кәсіпкерлерді көптеп тартқаны жөн.

Балалардың ғылымға қызығушылығын оятпасақ, адам әлеуетін нығайту мүмкін емес. Бұл істе оқушыларға арналған ғылыми музейлер мен зерттеу орталықтары маңызды рөл атқаратынын әлемдік тәжірибе көрсетіп отыр. Дәл осындай алаңдар оқушыларға білімін іс жүзінде қолданып көруге, тәжірибе жүргізуге, ғалымдардың еңбегімен танысуға және болашақ мамандығын саналы түрде таңдауға мүмкіндік береді.

Осы орайда Астанада, Алматыда және бірқатар облыс орталығында балаларға арналған Жаратылыстану музейін ашу орынды деп санаймын.

Екі жыл ішінде Астана, Алматы, Қызылорда қалаларында Президенттік кітапханалар өз жұмысын бастайды. Мұндай кітапханаларды Шымкентте және басқа да облыс орталықтарында салу жоспарда бар. Демеушілер аталған бастамаға қолдау білдіреді деп сенемін.

Конституциямызда көрсетілгендей, Қазақстан – зайырлы мемлекет. Сондықтан білім беру мекемелерін көбірек салуға, білім беру жүйесін дамытуға және жетілдіруге ден қояйық. Өскелең ұрпақты өркениетті әрі жасампаз құндылықтар негізінде тәрбиелеу – ортақ парызымыз. Мемлекет, ұстаздар және ата-аналар күш біріктіргенде ғана балаларымыздың үйлесімді дамуына барлық жағдайды жасай аламыз, басқаша айтқанда, жарқын болашағына жол ашамыз.

Ұлы Абай «Адам баласының ең жаманы – талапсыз» деп бекер айтпаған. Өзіне сенімсіз, жасық, әр нәрсеге мұңая беретін, үнемі күйзелісте жүретін кертартпа адамның болашағы бұлыңғыр.

Тағы да айтып кетейін. Қазақ – кез келген сын-қатерді еңсеруге дайын жұрт, келешегіне сеніммен қарап, алға қарай батыл қадам басатын нағыз жеңімпаз ұлт. Өткенге өкпе артып, тарихтағы сәтсіздіктер үшін басқа халықтар мен мемлекеттерді айыптау – болмысымызға мүлдем жат дүние. Біз өскелең ұрпақты осындай кеселден, теріс түсініктен сақтауымыз керек. Бұл тұрғыдан алғанда, оқу-ағарту саласына зор жауапкершілік жүктеледі. Сондықтан ұстаздарымыз ең алдымен, ойы таза, ниеті түзу, жақсылыққа, жарқын болашаққа деген сенімі зор жігерлі азаматтарды тәрбиелеуге тиіс.

Отаншыл, білімпаз, жаңашыл, талапты, еңбекқор адамдар елдің көшін алға бастайды. Риза болатыным: мен осы қасиеттерді өскелең ұрпақтың бойынан анық көремін. Жастарымыз әрдайым жақсылыққа ұмтылады, еліміздің келешегіне зор сеніммен қарайды.

Нағыз отаншылдық дегеніміз, бұл – жемісті, табанды еңбек. Әр саладағы еңбек – маңызды, оның жаманы немесе ұлтқа зиян әкелетіні болмайды. Еңбек, бұл – ең жоғары деңгейдегі қасиетті дүние. Ал, мемлекеттің міндеті – осындай еңбекқор адамдарға лайықты құрмет көрсету, оларды марапаттау. Алысқа көз тігетін жасампаз ұлттың шынайы болмысы осындай болады.

Қадірлі ұстаздар!

Әділетті, Қуатты, Қауіпсіз әрі Таза Қазақстанның тірегі болатын жауапты әрі адал азаматтарды тәрбиелеу – бәріміздің ортақ міндетіміз. Біз озық ойлы ұлт қалыптастыру жолында бірлесе еңбек етуіміз керек. Халқымызда «Білім – таусылмас қазына» деген сөз бар. Сапалы білім мен нағыз ғылымға ұмтылсақ, біз барлық мақсатымызға қол жеткіземіз.

Білікті мұғалімдеріміз, дарынды жастарымыз, мызғымас бірлігіміз барда еліміз кез келген белесті бағындырады. Бұған еш күмәнім жоқ. Ұстаз – ұлттың шамшырағы. Мұғалімнің еңбегі ең жоғары құрметке лайық. Мен бүгін бір топ ұстазды жоғары мемлекеттік наградалармен марапаттау туралы арнайы Жарлыққа қол қойдым. Баршаңызға құтты болсын деймін! Қызметтеріңізге табыс тілеймін. Жаңа оқу жылы жемісті болсын!

akorda.kz

ЖЕТІСУДАҒЫ ТҰҢҒЫШ ЖАҢА ФОРМАТТАҒЫ КІТАПХАНА САРЫӨЗЕКТЕ ҚОЛДАНЫСҚА БЕРІЛДІ

Жетісу облысында тұңғыш рет жаңа, заманауи, екі қабатты кітапхана ғимараты арнайы салынып, қолданысқа берілді. Жоба Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес іске асырылды. Кербұлақ ауданының Сарыөзек ауылында орналасқан кітапхананың ашылуына облыс әкімі Бейбіт Исабаев қатысты, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Аудан тұрғындарын жаңа нысанның ашылуымен құттықтаған облыс басшысы ауылдық елді мекенде заманауи жаңа кітапхананың ашылуы Жетісу өңірінің рухани өміріндегі айтулы жаңалық екенін атап өтті.

- Бұл – кітап оқу мәдениетін дамыту және заманауи кітапхана кеңістіктерін қалыптастыру туралы Мемлекет басшысының тапсырмасын өңірде іске асырудың алғашқы бастамасы. Жаңа кітапханада кітап оқуға ғана емес, цифрлық ресурстарды пайдалануға, жан-жақты ізденуге, түрлі мәдени және қоғамдық іс-шаралар өткізуге барлық жағдай жасалған.

Кітапханаға салынған инвестиция – ең алдымен адам капиталына, ұлттың интеллектуалдық әлеуетіне жасалған инвестиция. Бұл ретте осы киелі ордадан білімді, саналы, тәрбиелі, кітапсүйер ұрпақтың қалыптасып шығатынына сенімдіміз. Жаңа нысан осындай игі мақсаттарға қызмет етіп, өңірдің рухани шамшырағына айналсын! – деді Б. Исабаев.

Мұнан соң жиналған көпшілік кітапхананың ішін аралап көрді. Соның ішінде мәжіліс залын, оқу залын және балалар бөлімін аралап көрді.

Кітапхана директоры Гүлмира Аханқызының айтуынша, жаңа кітапхананың кітап қоры 53 мыңнан асады. Ғимараттың басты ерекшелігі - мұнда бірнеше оқырман залының болуы, атап айтқанда мектеп жасына дейінгі, мектеп жасындағы балаларға, ересектерге арналған арнайы оқырман залдары қарастырылған. Сонымен қатар медиатекасы бар ақпараттық-анықтамалық зал, көбейту зертханасы, ауқымды кітап қоймасы орналасқан. Қазіргі таңда кітапхана оқырмандарының саны шамамен 5570 адам.

Жаңа кітапхана ғимаратының аумағы 1620 шаршы метр. Кітапханада оқырмандарға қолайлы жағдай жасалып, заманауи талаптарға сай жабдықталған.

Бірінші қабатта кітапхананың негізгі қызметтік және оқу залдары орналасқан. Мұнда кітап қорын заманауи талаптарға сай сақтауға және оқырмандарға электронды форматта ұсынуға мүмкіндік беретін сканерлеу және цифрландыру кабинеті бар. Сондай-ақ компьютермен және интернетпен жабдықталған мультимедиа залы жұмыс істейді. E-gov порталы арқылы өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы қарастырылған.

- Бірегей залдардың бірі – 30 орындық өлкетану залы. Мұнда өлкенің тарихы мен мәдениеті, Кербұлақ ауданынан шыққан белгілі тұлғалар туралы кең көлемде ақпарат беретін кітап материалдары қойылған. Сондай-ақ бұл залда ауданның тарихи-мәдени мұрасын сақтауда маңызды орны бар сирек кездесетін кітаптар топтамасы сақталған. Мұның бәрі аудан тұрғындары мен қонақтарының иглігі үшін ұсынылып отыр, – деді Г. Аханқызы.

Кітапхананың екінші қабатында кітапхананың балалар бөлімі орналасқан. Мұнда интернетке қосылған, компьютермен жабдықталған IT-зал бар. Сондай-ақ 56 орындық оқу залында балалардың жас ерекшеліктеріне сай түрлі тақырыптық кітап көрмелері ұйымдастырылған. Бұл олардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыра түседі.

Үйірмелер өткізу үшін «Балауса» оқу кеңістігі және балалардың пайдалы уақытын ұйымдастыруға арналған коворкинг орталығы құрылған. Сонымен қатар екінші қабатта түрлі мәдени іс-шараларды өткізуге жағдай жасалған акт залы орналасқан.

Балалар бөлімінің кітап қорымен танысқан облыс басшысы оны алдағы уақытта жаңа құндылықтарға негізделген жаңа әдебиетпен толықтыру керек екенін айтты. Сол сияқты «Балалардың IT залына» интернетті пайдаланып, балаларға әлемнің кез келген еліндегі кітапхананың оқырманы бола алатындай мүмкіндікті үйрететін мамандарды арнайы тартуды тапсырды.

Мектеп оқушылары кітапхананың оқу залында кітап, білім туралы қазақ қаламгерлерінің өлеңдерін оқыды.

Еске салсақ, бұған дейін аудандық кітапхана мен балалар кітапханасы ауылдық әкімдік ғимаратында және Әбікен Сарыбаев атындағы аудандық мәдениет үйінің ішінде отырған болған.

Жалпы, өңірде 150 кітапхана бар. Оларда 128 клуб пен үйірмелер, 29 коворкинг орталығы жұмыс істейді.

Облыс құрылғалы бері кітапханалардағы кітап қорының саны 2,8 миллионнан асты.

Фототілші: Дмитрий Ерофеев

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

БАЛ, АПИТЕРАПИЯ, ТУРИЗМ: ЖЕТІСУДА ОМАРТАШЫЛЫҚТЫҢ ЖАҢА БАҒЫТЫ ДАМЫП КЕЛЕДІ

Жетісу облысында заманауи әрі экспортқа бағытталған омарташылық кешенде табиғи өнімнің 21 түрі өндірілуде, оның өндірістік қуаттылығын сағатына 1,5 мың банкаға дейін арттыру мүмкіндігі бар. Алдағы уақытта кәсіпкерлер таулы табиғи ортаның бірегей үйлесімі мен омарташылық кешеннің мүмкіндіктерін пайдалана отырып, апитерапия мен сауықтыру туризмін дамытуды жоспарлап отыр, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Бүгінде Жетісу облысында 11 мыңнан астам ара ұясы бар. Омарта шаруашылығы әсіресе табиғи жағдайлары қолайлы Көксу, Панфилов, Алакөл аудандарында қарқынды дамып келеді. Енді бұл бағыт Текелі қаласында да белсенді түрде өркендейтін болады.

«Kausar Shifa kz» компаниясының негізін қалаушылардың бірі Сұңғат Райымбектің айтуынша, Текелінің тау бөктеріндегі омартада 300-ге жуық ара ұясы орналасқан. Омарта жанында бал жиналғаннан кейін оның қасиеттерін зерттейтін жеке зертхана да бар. Одан кейін шикізат компанияның Талдықорғандағы өндірістік цехына жөнелтіледі. Мұнда жиналған бал өңделіп, табиғи өсімдік сығындыларымен араластырылады. Соның нәтижесінде дәмді әрі пайдалы өнім алынады. Осылайша, кәсіпкерлер өндірістің толық циклін іске қосты.

- Текелі тауларының өсімдік жамылғысы өте бай. Сондықтан біз осы аумақта дәрілік шөптерді, гүлдерді, жеміс-жидектерді жинаймыз. Бал мен жемісті шөп қоспасын болашақ өнімдерімізге шикізат ретінде пайдаланамыз. Бал шыны банкаларға құйылып, құрамындағы ылғалды толық шығару үшін белгілі бір уақыт тұндырылады. Өсімдік қоспасы қажетсіз элементтерден аппарат арқылы тазартылады. Одан кейін барлығы дистилляция аппаратына түсіп, соның нәтижесінде таза гидролат пен эфир майы алынады. Кейін ара балы мен алынған өсімдік компоненттері біріктіріледі, – дейді технологиялық үдерісті таныстырған Сұңғат Райымбек.

Өңдеуден кейін дайын өнім салмағы 200 грамм болатын шыны ыдыстарға құйылады. Осы мақсатта цехта шағын және үлкен көлемге арналған екі желі орнатылған. Қазіргі таңда олардың шағын көлемге арналған желісі жұмыс істеп тұр. Компания басшысының айтуынша, өндіріс қуатын сағатына 1,5 мың банка өнім шығаруға жеткізуге мүмкіндік бар. Былтырдан бері мұнда 600 келі бал өндірілді. Ал қазіргі уақытта компания табиғи өнімнің 21 түрін шығарады.

- Мысалы, банкадағы таңбада «Хош иісті шөп» деп көрсетілсе, балдың бұл түрі табиғи өт айдайтын және зәр айдайтын құрал ретінде, «Зизифора» – инфаркт пен инсульттің кешенді терапиясы мен алдын алуға арналған құрал ретінде, ал «Иссоп» антисептикалық және қабынуға қарсы әсері бар өнім ретінде ұсынылады. Бұл ретте аталған өнімнің дәрі емес, ағзадағы пайдалы заттардың тапшылығын толықтыруға және оның қорғаныс күштерін қолдауға арналған табиғи нығайтушы өнім екенін ескеру қажет. Оны кәдімгі шайға күніне 1-2 рет қана қосып ішу керек, – деп атап өтті С. Райымбек.

Қазіргі таңда кәсіпорында 25 адам жұмыс істейді. Солардың бірі – омарташы Ақан Жұматаев. Араларға күтім жасау оның күнделікті жұмысы ғана емес, сүйікті әрі қызықты іс.

- Текелі тауларының климаты араларға өте қолайлы. Мұнда өсімдіктердің алуан түрі болғандықтан, ара үйірі тез өседі. Өзім ара үйірінің жағдайын үнемі бақылап, оларды түрлі аурулардан қорғаймын. Көктемнен күзге дейін тұрақты әрі дұрыс күтімнің арқасында балды үш рет жинаймыз. Аралардан көп нәрсе үйренуге болады. Олар өте еңбекқор әрі тындырымды. Мысалы, бір келі бал жинау үшін аралар шамамен 4 миллион гүлге қонып, мыңдаған шақырым ұшады дейді. Бұл – орасан зор еңбек, – дейді омарташы.

Сұңғат Хайроллаұлының айтуынша, компанияның ұзақ мерзімді жоспарында ара ұяларының санын көбейтіп, өндірісті кеңейту көзделген. Сондай-ақ кәсіпорын халықаралық деңгейге шығуды жоспарлап отыр.

- Биыл мамыр айында Қытайда өткен халықаралық көрмеге қатысып, өз өнімдерімізді таныстырдық. Қазіргі уақытта Қытай нарығына шығу үшін қажетті құжаттарды рәсімдеп жатырмыз. Малайзиядан да өнімдерімізге қызығушылық танытты. Сондай-ақ апитерапия мен сауықтыру туризмін дамытуға көңіл бөлсек дейміз. Табиғи ортаның ерекшеліктері мен омарташылық кешеннің мүмкіндіктерін ұштастыру арқылы болашақта Жетісу облысында жаңа туристік және сауықтыру қызметтерін қалыптастыруға болады деп ойлаймын, – деді кәсіпкер.

Атап өтсек, мемлекет омарташылықты әртүрлі қаржыландыру тетіктері арқылы қолдау көрсетіп келеді. Мәселен, өңірде «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында бес жоба мақұлданып, оларды жүзеге асыруға 36,6 млн теңге бөлінді. Ал болашақта қаржылай қолдау көрсетілетін тағы екі жоба қаралу үстінде. Осылайша, өңірде табиғи бал және ара шаруашылығының басқа да өнімдерін өндіруге бағытталған омарташылық саласы табысты дамып келеді.

Фотограф: Қанат Өмірәлинов

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

QALQAN ЖОБАСЫ 16 МЕДИЦИНАЛЫҚ ҰЙЫМҒА АРТТЫ

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры медициналық көмекті қаржыландырудың төрт негізгі бизнес-процесін: жоспарлау, сатып алу, мониторинг пен төлем жасауды кезең-кезеңімен Qalqan цифрлы сервисіне көшіруді жалғастыруда.

Медицина қызметкерлері бұрыннан қалыптасқан медициналық ақпараттық жүйелерде жұмысын ары қарай жалғастыра беретінін атап өту маңызды. Qalqan көрсетілген медициналық көмек туралы қажетті мәліметтерді ақпараттық жүйелерден автоматты түрде алады, деректерді қайтадан қолмен енгізу қажеттілігі жоқ, әрі медицина қызметкерлері емдеу жұмысына алаңдамайды.

Бірінші кезеңде медициналық көмекке төлем жасау процесін цифрлық платформаға көшіру жүргізілуде. Бүгінгі таңда Qalqan арқылы төлем жасаудың толық циклі Астана қаласының үш медициналық ұйымы базасында жүргізілді. Төленген медициналық көмектің жалпы сомасы 2,97 млрд теңгені құрады.

Медициналық көмектің 92 түрі мен 20 кіші тармағы бойынша төлем жасаудың толық циклі сынақтан өтті. Тағы 60 түрі мен кіші тармағы бойынша 16 медициналық ұйым базасында пилоттық сынақ жалғасуда. Сынақтан өткізу аяқталуына қарай пилоттық жоба кезең-кезеңімен кеңейтіле береді.

Төлем процестерін сынақтан өткізу кезеңіндегі негізгі жаңашылдықтардың бірі – бөлшектеп актілеу. Бұған дейін төлем жүргізу үшін медициналық көмектің барлық түрлері бойынша бірыңғай жиынтық актінің қалыптасуын күту талап етілетін. Енді есептеулерді көрсетілген көмек пен қызметтердің нақты түрі бойынша бөлек жүргізуге болады. Бөлшектеп актілеу жүйесін енгізу төлемді жеделдетуге және қаржыландыру процесін икемді етуге мүмкіндік береді.

Келесі кезеңде қалған бизнес-процестер де бірыңғай цифрлық контурға көшеді. Бұл жұмыс аяқталғанға дейін тиісті операциялар қолданыстағы ақпараттық жүйелерде жалғасады. Барлық төрт процесті цифрландыруды биылғы жылдың соңына дейін аяқтау жоспарланып отыр.

Пилоттық режимде төлемді енгізумен қатар Qalqan жүйесінде медициналық ұйымдар мен олардың өндірістік алаңдары туралы, соның ішінде лицензиялар, кадр құрамы, жабдықтар, қолда бар қуаттылық пен т.б. бойынша мәліметтер енгізіліп, өзектендірілуде. Бүгінгі таңда 1,7 мыңнан астам медициналық ұйым мен 12,4 мың өндірістік база туралы мәлімет жүйеленді.

Деректердің шынайылығы мен толықтығына ерекше назар аудару маңызды, өйткені алдағы уақытта қаржыландыру көлемін дұрыс есептеу және медициналық көмекке төлем жасау тікелей осы мәліметтерге байланысты болады.

Медициналық ұйымдар мен қосымша орындаушылар Qalqan жүйесіндегі тиісті мәліметтерді өз бетінше толтырады.Жобаны сүйемелдеу және өнім берушілермен жедел кері байланысты қамтамасыз ету мақсатында медициналық ұйымдарды Қор Басқармасы Төрағасымен тікелей байланыстыратын «Жедел шешім» арнасы іске қосылды. Арнайы QR-код арқылы өнім берушілер төлемнің кешіктірілуі, қаржыландыру мен шарттық қатынастар мәселелері, мониторинг бойынша келіспеушіліктер, ақпараттық жүйедегі ақаулар, коррупциялық және басқа да мәселелер туралы хабарлай алады. Түскен өтініштерді Қор басшылығы жедел қарастырып, бақылауға алады.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ
Жетісу облысы бойынша филиалы

АЛГОРИТМДЕР ӘДІЛЕТІ: ҚАЗАҚСТАН СОТТАРЫНДАҒЫ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІҢ РӨЛІ

Жасанды интеллект сот төрелігін алмастыра ма, әлде судьяның жаңа цифрлық көмекшісіне айнала ма?

Цифрлық технологиялар адам өмірінің барлық саласына еніп жатқан қазіргі кезеңде сот жүйесі де технологиялық өзгерістерден тыс қала алмайды. Жасанды интеллектіні (ЖИ) сот төрелігі саласында пайдалану уақытты үнемдеуге, үлкен көлемдегі ақпаратты өңдеуге және сот қызметінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Алайда алгоритм мен әділеттіліктің арақатынасы, судьяның тәуелсіздігі, дербес деректердің қорғалуы және қабылданған шешім үшін жауапкершілік мәселелері әлі де маңызды құқықтық сұрақтарды алға тартады.

Цифрлық дәуірдегі сот жүйесі

Сот төрелігі – адам тағдыры мен азаматтардың құқықтары тікелей тоғысатын ерекше сала. Сондықтан сот жүйесіне енгізілетін кез келген жаңа технология тек оның техникалық мүмкіндіктері тұрғысынан емес, ең алдымен құқықтық және этикалық талаптар тұрғысынан бағалануы қажет.

Жасанды интеллектінің басты ерекшелігі – қысқа уақыт ішінде үлкен көлемдегі ақпаратты талдау мүмкіндігі. Сот тәжірибесінде бұл мүмкіндік ерекше маңызға ие. Себебі сот материалдарының көлемі жыл сайын артып, заңнамалық актілер мен сот практикасы да үнемі жаңарып отырады.

Осындай жағдайда судьяның уақытын ақпарат іздеуге емес, істің мән-жайын жан-жақты зерттеуге және құқықтық бағалауға бағыттау сот төрелігінің сапасына оң әсер етуі мүмкін.

Жасанды интеллект сотқа не бере алады?

Сот жүйесінде жасанды интеллектіні қолданудың бірнеше перспективалы бағыты бар.

Ең алдымен, бұл – ақпаратты іздеу және талдау.

ЖИ үлкен көлемдегі сот материалдарының арасынан қажетті құжаттарды, құқықтық нормаларды немесе белгілі бір мәселеге қатысты сот практикасын жылдам анықтауға мүмкіндік береді.

Екінші бағыт – құжаттарды өңдеу және жүйелеу.

Сотқа түсетін құжаттарды бастапқы саралау, мәтіндерді құрылымдау, қайталанатын ақпаратты анықтау, аудиожазбаларды мәтіндік форматқа айналдыру секілді техникалық процестер автоматтандырылуы мүмкін.

Үшінші бағыт – сот статистикасын талдау.

Жасанды интеллект белгілі бір санаттағы істердің динамикасын, сот практикасының өзгеру үрдістерін және статистикалық көрсеткіштерді талдауға көмектесе алады.

Мұның барлығы судьяны алмастыруға емес, оның күнделікті жұмысындағы техникалық жүктемені азайтуға бағытталуы тиіс.

Алгоритм шешім қабылдай ала ма?

Міне, мәселенің ең маңызды тұсы осы.

Жасанды интеллект заң нормасын тауып, мыңдаған сот актілерін салыстырып, белгілі бір статистикалық заңдылықтарды анықтай алады. Бірақ сот төрелігі тек деректерді салыстырудан тұрмайды.

Әрбір іс – нақты адам, нақты құқықтық қатынас және нақты өмірлік жағдай.

Сырттай ұқсас екі істің құқықтық салдары мүлдем әртүрлі болуы мүмкін. Бір ғана факті істің нәтижесін өзгертуі ықтимал. Сондықтан алгоритмнің бұрынғы сот шешімдеріне сүйене отырып, жаңа істің нәтижесін автоматты түрде болжауы әділетті шешімнің кепілі бола алмайды.

Осыған байланысты сот жүйесіндегі жасанды интеллект шешім қабылдайтын субъект емес, шешім қабылдауға көмектесетін құрал ретінде қарастырылуы қажет.

Басқаша айтқанда:

Алгоритм ақпаратты өңдей алады, бірақ әділеттілікті жүзеге асыру жауапкершілігін адамнан ала алмайды.

«Алгоритмдік әділет» қандай қауіптерге әкелуі мүмкін?

Жасанды интеллектінің мүмкіндіктерімен қатар тәуекелдері де бар.

Бірінші мәселе – алгоритмдік қателік.

ЖИ белгілі бір деректер негізінде жұмыс істейді. Егер бастапқы деректер толық болмаса немесе олардың құрамында белгілі бір қателік пен біржақтылық болса, алгоритм шығарған нәтиже де қате болуы мүмкін.

Екінші мәселе – алгоритмнің түсініктілігі.

Егер жүйе белгілі бір қорытындыға қалай келгенін түсіндіре алмаса, оның нәтижесіне сүйену құқықтық тұрғыдан күрделі мәселе туғызады. Сот процесіне қатысушы азамат өзіне қатысты шешімнің қандай негізде қабылданғанын түсінуге құқылы.

Үшінші мәселе – дербес деректерді қорғау.

Сот материалдарында азаматтардың жеке өміріне, мүліктік жағдайына және басқа да маңызды мәліметтерге қатысты ақпарат болуы мүмкін. Сондықтан мұндай ақпаратты жасанды интеллект жүйелерінде өңдеу кезінде ақпараттық қауіпсіздік талаптарының сақталуы ерекше маңызға ие.

Төртінші мәселе – адамның алгоритмге шамадан тыс сенуі.

Егер судья немесе сот қызметкері алгоритм ұсынған ақпаратты автоматты түрде дұрыс деп қабылдайтын болса, бұл «automation bias» деп аталатын құбылысқа әкелуі мүмкін.

Сондықтан технология сот төрелігінің көмекшісі болуы керек, бірақ оның орнына айналмауы тиіс.

Судьяның рөлі өзгере ме?

Жасанды интеллектінің дамуы судьяның рөлін төмендетпейді. Керісінше, судьяға қойылатын кәсіби талаптарды жаңа деңгейге көтереді.

Болашақта судья тек заңнаманы жақсы білетін маман ғана емес, сонымен қатар цифрлық технологиялардың мүмкіндіктері мен шектеулерін түсінетін кәсіби тұлға болуы қажет.

Судья алгоритм ұсынған ақпаратты қабылдап қана қоймай, оны сыни тұрғыдан бағалай білуі керек.

Бұл жерде адамның негізгі артықшылығы – құқықтық пайымдау.

Алгоритм деректер арасындағы байланысты анықтай алады. Ал судья сол деректердің құқықтық маңызын бағалап, нақты істің мән-жайын ескеріп, заң талаптарына сәйкес шешім қабылдайды.

Қазақстан үшін қандай модель тиімді?

Қазақстан сот жүйесінде жасанды интеллектіні қолданудың ең оңтайлы тәсілі – «адам + алгоритм» моделі.

Бұл модель бойынша жасанды интеллект:

-қажетті ақпаратты іздейді;

-үлкен көлемдегі деректерді талдайды;

-сот практикасын жүйелеуге көмектеседі;

-құжаттарды өңдейді;

-техникалық процестерді автоматтандырады.

Ал судья:

-дәлелдемелерді бағалайды;

-тараптардың уәждерін тыңдайды;

-заң нормаларын қолданады;

-істің нақты мән-жайларын саралайды;

-соңғы шешімді қабылдайды.

Осылайша технология мен адам бір-бірін алмастырмай, бірін-бірі толықтырады.

Әділеттің цифрлық болашағы

Жасанды интеллектіні сот жүйесіне енгізу – тек технологиялық мәселе емес. Бұл – құқықтық саясаттың, сот төрелігінің және адам құқықтарын қорғаудың жаңа кезеңі.

Сондықтан Қазақстанда сот саласындағы ЖИ технологияларын дамыту барысында бірнеше негізгі қағидат сақталуы қажет.

Біріншіден, заңдылық. Жасанды интеллектіні сот төрелігінде қолданудың құқықтық негіздері нақты белгіленуі тиіс.

Екіншіден, ашықтық. Азаматтар белгілі бір сот процесінде алгоритм қолданылғанын және оның қандай функция атқарғанын түсіне алуы керек.

Үшіншіден, қауіпсіздік. Сот материалдары мен дербес деректердің қорғалуы қамтамасыз етілуі қажет.

Төртіншіден, адам бақылауы. Қандай технология қолданылса да, сот төрелігінің соңғы шешімін адам қабылдауы тиіс.

Бесіншіден, жауапкершілік. Алгоритмнің техникалық қатесі құқықтық жауапкершіліктің кімге тиесілі екені туралы жаңа мәселелер туындатпауы үшін тиісті механизмдер алдын ала қарастырылуы қажет.

Қорытынды

Жасанды интеллект Қазақстан сот жүйесінің болашағын өзгертуі мүмкін. Бірақ оның мақсаты судьяны алмастыру емес, судьяның кәсіби мүмкіндіктерін кеңейту болуы тиіс.

Алгоритм мыңдаған құжатты бірнеше секунд ішінде талдай алады. Бірақ ол адамның тағдырын толық сезіне алмайды. Ол заң нормасын анықтай алады, алайда әділеттіліктің әлеуметтік және адамгершілік мәнін судья сияқты бағалай алмайды.

Сондықтан цифрлық дәуірдегі сот төрелігінің негізгі қағидаты қарапайым болуы керек:

Технология – құрал. Әділет – мақсат. Ал шешім үшін жауапкершілік – адамда.

Қазақстанның сот жүйесі үшін жасанды интеллектіні енгізудің табысты моделі де осы тепе-теңдікке негізделуі қажет.

Өйткені болашақтың соты – алгоритм басқаратын сот емес.

Болашақтың соты – технология адамға қызмет ететін, ал әділеттілік басты құндылық болып қалатын сот.

Т. Бапов,
Ескелды аудандық сотының бас маман сот мәжілісінің хатшысы.

ЭЛЕКТРОНДЫҚ СОТ ТӨРЕЛІГІ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ

Қазіргі таңда қоғамның барлық саласында цифрландыру үдерісі қарқынды дамып келеді. Бұл өзгерістер сот жүйесін де айналып өткен жоқ. Электрондық сот төрелігі – азаматтардың құқықтарын қорғауды жеңілдетіп, сот қызметінің ашықтығы мен тиімділігін арттыруға бағытталған заманауи құрал.

Бүгінгі күні азаматтар сотқа талап-арыздарды электрондық форматта жолдап, іс материалдарымен қашықтан танысып, сот отырыстары туралы ақпаратты онлайн түрде ала алады. Бұл өз кезегінде уақыт пен қаржыны үнемдеуге мүмкіндік береді. Әсіресе, шалғай елді мекендерде тұратын азаматтар үшін электрондық сервистердің маңызы зор.

Электрондық сот төрелігінің басты артықшылықтарының бірі – сот қызметінің ашықтығы. Істердің қозғалысын бақылау, сот актілерін уақытылы алу және сот процестеріне онлайн қатысу мүмкіндігі азаматтардың сот жүйесіне деген сенімін арттырады. Сонымен қатар, құжат айналымының электрондық форматқа көшуі қағазбастылықты азайтып, мемлекеттік ресурстарды тиімді пайдалануға ықпал етеді.

Сот жүйесін цифрландыру судьялар мен сот қызметкерлерінің жұмысын да жеңілдетті. Ақпаратты өңдеу жылдамдығы артып, сот істерін қарау мерзімдері қысқаруда. Бұл сот төрелігінің сапасын жақсартуға оң әсерін тигізуде.

Дегенмен, электрондық сот төрелігін дамыту барысында ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және азаматтардың цифрлық сауаттылығын арттыру мәселелеріне ерекше назар аудару қажет. Себебі электрондық жүйелердің сенімділігі мен қауіпсіздігі олардың тиімді жұмыс істеуінің негізгі кепілі болып табылады.

Қорытындылай келе, электрондық сот төрелігі – заман талабынан туындаған қажеттілік. Ол сот жүйесінің қолжетімділігін, ашықтығын және тиімділігін арттырып, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың жаңа мүмкіндіктерін қалыптастырады. Сондықтан электрондық сот төрелігін одан әрі дамыту құқықтық мемлекетті нығайтудың маңызды бағыттарының бірі болып табылады.

Б. Досымбеков,
Ескелды аудандық сотының бас маман сот мәжілісінің хатшысы.

ОТАНДАСТАРЫМЫЗДЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫНЫҢ КӨЛЕМІ 28,35 ТРЛН ТЕҢГЕГЕ ЖЕТТІ

Қазақстандықтардың «БЖЗҚ» АҚ-дағы (БЖЗҚ, Қор) зейнетақы жинақтарының көлемі 2026 жылдың 1 тамызына 28,35 трлн теңге болды. 12 айдағы өсім – 3,50 трлн теңге немесе 14,1%. Зейнетақы жинақтарының негізгі бөлігі міндетті зейнетақы жарналарынан (МЗЖ) қалыптасқан. 2026 жылдың 1 тамызындағы жағдай бойынша жарнаның бұл түрінің есепті күндегі көлемі – 26,31 трлн теңге, 12 айда 2,69 трлн теңгеге немесе 11,4% өсті.

Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтары 12 айда 6,6%-ға ұлғайып, 751,56 млрд теңгеден асты. Ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) бойынша жинақ көлемі де ұлғайды: 2026 жылғы 1 тамызға оның көлемі 10,41 млрд теңге болып, 12 айда 14,9% өсім көрсетті.

Салымшылардың (алушылардың) зейнетақы шоттарына 2024 жылғы 1 қаңтардан түсе бастаған жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары (ЖМЗЖ) да айтарлықтай ұлғаюда. 12 ай ішінде 2,5 есеге ұлғайып, 2026 жылдың 1 тамызына 1 273,93 млрд теңге болды.

Түсімдер

Зейнетақы жинақтарының көлемі зейнетақы жарналары мен инвестициялық кіріс түріндегі кіріс ағындары есебінен ұлғаяды. 2026 жылдың алғашқы 7 айында салымшылардың жеке және шартты зейнетақы шоттарына 2 127,27 млрд теңге түсті, өткен жылдың сәйкес кезеңіндегі көрсеткіштен 15,7%-ға (немесе 289,09 млрд теңгеге) артық.

МЗЖ есебі жүргізілетін жеке зейнетақы шоттарына (ЖЗШ) 2026 жылдың басынан бастап 2026 жылғы 1 тамызға дейін 1 630,80 млрд теңге (өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда МЗЖ көлемі 8,1%-ға ұлғайды), МКЗЖ – 87,69 млрд теңге (өсім – 11,0%), ЕЗЖ – 1251,28 млн теңге түсті. Жыл басынан бастап 01.08.2026ж. жағдай бойынша ЖМЗЖ есебінен жарналар 407,53 млрд теңгені құрады.

Жыл басынан бері салымшылардың шоттарына түскен таза инвестициялық кіріс 01.08.2026ж. жағдай бойынша 1233,05 млрд теңгені құрады.

Төлемдер мен аударымдар

2026 жылғы қаңтар-шілде айларында БЖЗҚ-дан жарналардың барлық түрлері бойынша жасалған төлемдер мен сақтандыру ұйымдарына аударымдар 1083,51 млрд теңгені құрады.

Зейнет жасына толуына байланысты төлемдер 170,95 млрд теңгеге жетті. БЖЗҚ-дан зейнет жасына толуына байланысты кесте бойынша берілетін орташа айлық төлем – 38 9993 теңге.

2026 жылдың басынан бастап 01.08.2026 жылға тұрғын үй жағдайларын жақсартуға және емделуге арналған біржолғы зейнетақы төлемдері (БЗТ) 435,20 млрд теңге, мұрагерлік бойынша 63,06 млрд теңге, ҚР-дан тыс жерге тұрақты тұруға кетуге байланысты 28,13 млрд теңге, мүгедектігі бар адамдарға – 2,05 млрд теңге, жерлеуге – 5,56 млрд теңге көлемінде төлем жасалды. Сақтандыру ұйымдарына 378,56 млрд теңге аударылды.

ЖЗШ саны

2026 жылдың 1 тамызындағы жағдай бойынша БЖЗҚ-дағы зейнетақы шоттарының жалпы саны – 18,89 млн бірлік (12 айдағы өсім – 1,12 млн бірлік немесе 6,3%). Бұл ретте салымшылардың (алушылардың) БЖЗҚ-дағы ЖЗШ саны 2026 жылдың 1 тамызында 12,84 млн бірлік болды. Оның ішінде: 11,39 млн - МЗЖ бойынша, 789,48 мыңы - МКЗЖ бойынша, 463,69 мыңы – ЕЗЖ есептелетін шоттар. Айта кетейік, МЗЖ есебі жүргізілетін шоттардың жалпы санына (11,39 млн бірлік) елден тысқары жерлерге тұрақты тұруға кеткен, бірақ жинақтарын алу үшін жүгінбеген алушылардың, мұрагерлері зейнетақы жинақтарын мұраға ресімдемеген қайтыс болған салымшылардың, 2016 жылдан бастап зейнетақымен мемлекеттік қамсыздандырылуға толық ауыстырылған әскери қызметшілердің және шоттарына Қазақстан заңнамасына сәйкес жарналар түспеуі тиіс салымшылардың (алушылардың) басқа да санаттарының шоттары кіреді.

БЖЗҚ-дағы ЖМЗЖ туралы мәліметтер ескерілетін шартты зейнетақы шоттарының саны - 6,06 млн бірлік.

Зейнетақы активтеріне қатысты барлық өзекті ақпарат enpf.kz сайтындағы «Статистика және аналитика» бөлімінде орналастырылған.

«СПОРТ КҮНІНЕ» ОРАЙ АЙМАҚТЫҚ ШАҒЫН ФУТБОЛ ЖАРЫСЫ

«Спорт күні» мерекесіне орай Қарабұлақ, Жалғызағаш, Алдаберген және Қаратал ауылдық округтері бірлесе отырып, тұрғындар арасында аймақтық шағын футбол жарысын ұйымдастырды.

Жарыстың негізгі мақсаты — тұрғындар арасында бұқаралық спортты насихаттау, салауатты өмір салтын қалыптастыру, спортқа деген қызығушылықты арттыру және ауыл тұрғындары арасында достық қарым-қатынас пен бірлікті нығайту.

Тартысты әрі қызықты өткен жарыс барысында командалар жоғары шеберлік пен спорттық дайындықтарын көрсетіп, жеңіске деген жігерлерін танытты. Нәтижесінде жүлделі орындар төмендегідей бөлінді:

1-орын — «Рух» командасы
2-орын — «Бірлес» командасы
3-орын — «Малиновка» командасы

Жарыс қорытындысы бойынша жеңімпаздар мен жүлдегерлер «Жетісу облысының бұқаралық спортты дамыту және спорттық іс-шараларды өткізу спорт клубы» КММ-нің Ескелді аудандық филиалы атынан арнайы кубоктармен, медальдармен және грамоталармен марапатталды.

Спорттық додаға белсене қатысқан барлық командаларға алғыс білдіреміз. Осындай спорттық іс-шаралар тұрғындардың бос уақытын тиімді ұйымдастырып қана қоймай, салауатты өмір салтын насихаттауға және ауыл арасындағы ынтымақтастықты арттыруға үлкен ықпал етеді.

Г.Омарова,
«Жетісу облысының бұқаралық спортты дамыту және спорттық іс-шараларды өткізу спорт клубы» КММ-сі Ескелді аудандық филиалының басшысы

СЫРЫМБЕТ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНДЕ АСЫҚ АТУ ЖАРЫСЫ ӨТТІ

2026 жылдың 26 тамыз күні Сырымбет ауылдық округінде тұрғындар арасында асық атудан спорттық жарыс ұйымдастырылды.

Ұлттық спортты дәріптеу, тұрғындардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру және салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында өткен жарысқа ауыл тұрғындары белсенді қатысты.

Жарыс барысында қатысушылар мергендік пен дәлдіктерін сынап, күш-жігері мен төзімділігін көрсетті. Асық ату – халқымыздың дәстүрлі ұлттық ойындарының бірі әрі дәлдікке,ептілікке және ұстамдылыққа баулитын спорт түрі

Жарыс қорытындысы бойынша жүлделі орындар төмендегідей бөлінді:

1-орын — Жақсылық Ринат
2-орын — Бөгенбай Батыр
3-орын — Бауыржан Батыл

Жарыс жеңімпаздары мен жүлдегерлері «Жетісу облысының бұқаралық спортты дамыту және спорттық іс-шараларды өткізу спорт клубы» КММ-нің Ескелді аудандық филиалы атынан арнайы грамоталармен марапатталды.

Жарыс барысында ұлттық спортқа деген қызығушылықтың жоғары екені байқалып, қатысушылар өзара тәжірибе алмасып, спорттық шеберліктерін шыңдады.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлерді құттықтаймыз! Алдағы жарыстарда да толағай табыстар мен биік белестер тілейміз!

Г.Омарова,
«Жетісу облысының бұқаралық спортты дамыту және спорттық іс-шараларды өткізу спорт клубы» КММ-сі Ескелді аудандық филиалының басшысы

АДАЛДЫҚ ПЕН ӘДІЛДІК – ҚОҒАМНЫҢ БЕРІК НЕГІЗІ

Сыбайлас жемқорлық – кез келген мемлекеттің тұрақты дамуына, экономикалық өсіміне және қоғамдағы әділдік қағидаттарының орнығуына кері әсер ететін күрделі мәселе. Ол мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігін төмендетіп қана қоймай, азаматтардың заңға, мемлекеттік органдарға және жалпы қоғамға деген сеніміне нұқсан келтіреді. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күрес – тек белгілі бір мемлекеттік органның немесе құқық қорғау құрылымдарының міндеті емес, бүкіл қоғамға ортақ жауапкершілік.

Қазақстанда сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның себептері мен жағдайларын жою, қоғамда адалдық пен заңға құрмет мәдениетін қалыптастыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізіліп келеді. Бұл бағыттағы басты мақсат – жемқорлық көріністеріне жол бермеу ғана емес, оның пайда болуына ықпал ететін жағдайларды барынша азайту.

Сыбайлас жемқорлықтың қауіптілігі – оның қоғамның әртүрлі саласына әсер етуінде. Заң талаптарын айналып өту, қызметтік өкілеттікті жеке пайда үшін пайдалану, пара беру немесе пара алу, таныстық пен тамыр-таныстыққа сүйену – әділ бәсекелестікке кедергі келтіріп, адал еңбекпен жетістікке жетуге деген сенімді әлсіретеді.

Жемқорлық белең алған жерде заңның үстемдігі әлсірейді. Ал заң үстемдігі – кез келген өркениетті қоғамның басты қағидаларының бірі. Заң алдында барлық азаматтың тең болуы, әр адамның құқығы мен бостандығының қорғалуы – мемлекеттің тұрақты дамуының негізі.

Сондықтан сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес ең алдымен әр адамның жеке ұстанымынан басталуы қажет.

Адалдық – үлкен ұғым. Ол тек пара алмау немесе пара бермеумен шектелмейді. Адалдық – өз міндетінді жауапкершілікпен орындау, біреудің құқығын бұзбау, заңды құрметтеу, өз еңбегіңмен жетістікке жетуге ұмтылу. Осындай қарапайым қағидалар күнделікті өмірде берік орныққанда ғана қоғамда жемқорлыққа қарсы иммунитет қалыптасады.

Әсіресе жас ұрпаққа адалдық құндылығын ерте жастан сіңіру маңызды. Баланың бойында еңбекқорлық, әділдік, жауапкершілік, үлкенге құрмет, кішіге қамқорлық сияқты қасиеттер қалыптасса, ол ертең заңды сыйлайтын, қоғам алдындағы жауапкершілігін түсінетін азамат болып өседі.

Жастар – елдің болашағы. Сондықтан олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасын қалыптастыру – маңызды міндеттердің бірі. Жас азамат өз жетістігіне білім мен еңбек арқылы жетуге болатынын түсінуі керек. Жеңіл жолмен пайда табуға немесе заңсыз артықшылыққа ұмтылу жеке адамға да, қоғамға да зиян келтіреді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыруда отбасының да рөлі зор. Бала ең алғашқы тәрбиені отбасынан алады. Ата-ананың заңды құрметтеуі, әділдікке мән беруі, өзгенің еңбегін бағалауы – баланың дүниетанымына тікелей ықпал етеді. Сондықтан жемқорлыққа қарсы тәрбие отбасынан басталып, мектепте, жоғары оқу орындарында және еңбек ұжымдарында жалғасуы тиіс.

Қоғамда заң бұзушылыққа немқұрайлы қарамау да маңызды. «Біреудің мәселесі» деп үнсіз қалу сыбайлас жемқорлықтың тамыр жаюына мүмкіндік беруі мүмкін. Әр азамат өз құқығын біліп, заңсыз әрекетке тап болған жағдайда тиісті органдарға жүгінуге құқылы. Бұл – азаматтық жауапкершіліктің бір көрінісі.

Мемлекеттік қызметшілердің де жауапкершілігі ерекше. Мемлекеттік қызмет – халыққа қызмет ету деген сөз. Қызметтік өкілеттікті жеке мүдде үшін пайдалану – қоғам сеніміне жасалған үлкен қиянат. Сондықтан мемлекеттік қызметші заң талаптарын қатаң сақтап, әр шешімін әділдік пен ашықтық қағидаттарына сүйене отырып қабылдауы қажет.

Бүгінде цифрландыру мен ашықтықтың артуы да сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға мүмкіндік беріп отыр. Көптеген мемлекеттік қызметтердің электронды форматқа көшуі азамат пен мемлекеттік орган арасындағы тікелей байланысты азайтып, қызмет көрсету үдерісін барынша ашық етуге ықпал етеді. Бұл – заманауи технологиялардың қоғам игілігіне пайдаланылуының маңызды мысалы.

Алайда тек мемлекеттік шараларға сүйену жеткіліксіз. Жемқорлықпен күрестің нәтижелі болуы үшін қоғамдық сана да өзгеруі керек. «Пара бермесем, жұмысым бітпейді», «таныс арқылы шешкен оңай», «бәрі осылай жасайды» деген түсініктерден арылу қажет. Себебі заңсыз әрекетке бір рет көз жұму келесі заң бұзушылыққа жол ашуы мүмкін.

Әділ қоғам құру үшін әр адам өзінен бастауы керек. Өзгенің құқығын құрметтеу, кез келген мәселені заң аясында шешуге ұмтылу, қызметтік мүмкіндікті жеке бас пайдасына пайдаланбау – қоғамдағы адалдық мәдениетін қалыптастыратын негізгі ұстанымдар.Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – елдің экономикалық және әлеуметтік дамуына да тікелей әсер етеді. Мемлекеттік қаражат мақсатты әрі тиімді жұмсалған кезде әлеуметтік нысандар салынып, білім беру, денсаулық сақтау, инфрақұрылым және басқа да маңызды салалар дами түседі. Ал адал бәсекелестік орнаған жағдайда кәсіпкерлік пен еңбекке деген ынта артады.

Біздің ортақ мақсатымыз – заң үстемдік ететін, азаматтардың құқығы қорғалатын, адал еңбек бағаланатын қоғам қалыптастыру. Мұндай қоғамда әр азамат өз болашағына сеніммен қарап, еңбегінің әділ бағаланатынын біледі.

Әрқайсымыз адалдықты өмірлік қағидаға айналдырып, заңды құрметтеп, әділетсіздікке бейжай қарамасақ, жемқорлықтың таралуына тосқауыл қоя аламыз.

Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!

Адал еңбек, таза ниет, заңға құрмет және әділдік – мықты мемлекеттің негізі. Жемқорлықсыз қоғам құру – тек бүгінгі күннің емес, келешек ұрпақ алдындағы ортақ міндетіміз. Әр азамат өз ісіне жауапкершілікпен қарап, адалдықты таңдаған кезде ғана біз әділетті әрі өркениетті қоғам қалыптастыра аламыз.

Адал қоғам – жарқын болашақтың кепілі.

СПОРТ – ДЕНСАУЛЫҚ КЕПІЛІ: ЕСКЕЛДІ АУДАНЫНДА АШЫҚ БІРІНШІЛІК ӨТТІ

Қазақстан Республикасының Спорт күніне орай Ескелді ауданында бұқаралық спортты дамытуға және жас ұрпақты салауатты өмір салтына баулуға бағытталған ауқымды спорттық шара ұйымдастырылды. Ескелді ауданының балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің ұйымдастыруымен спорттың бірнеше түрінен ашық біріншілік өтіп, оған ауданның жас спортшыларымен қатар, жарысқа арнайы шақырылған қатысушылар да белсене қатысты.

Спорттық дода – жасөспірімдердің өзара тәжірибе алмасып, шеберліктерін шыңдауына, салауатты бәсекелестік орта қалыптастыруына және спортқа деген қызығушылығын арттыруға мүмкіндік берген маңызды шаралардың бірі болды.

Жарыстың ашылу салтанатында спортшылар мен жаттықтырушыларға жылы лебізін білдірген Ескелді ауданы әкімінің орынбасары Жанар Қанатқызы қатысушыларды кәсіби мерекелерімен құттықтап, жас спортшыларға сәттілік тіледі. Ол бұқаралық спортты дамыту, балалар мен жасөспірімдердің бос уақытын тиімді ұйымдастыру және олардың спортпен тұрақты айналысуына жағдай жасау – маңызды бағыттардың бірі екенін атап өтті.

Спорт – денсаулықты нығайтумен қатар, адам бойындағы табандылық, жауапкершілік, тәртіп, жігер мен өзіне деген сенімді қалыптастыратын тәрбиенің маңызды құралы. Әсіресе жасөспірімдер үшін спорттық жарыстардың маңызы зор. Себебі жарыс барысында бала тек физикалық тұрғыдан шынығып қана қоймай, жеңіске ұмтылуды, қарсыласын құрметтеуді, жеңілісті дұрыс қабылдауды және өз мүмкіндігін бағалауды үйренеді.

Ашық біріншілік барысында жас спортшылар өздерінің дайындық деңгейлерін көрсетіп, спорттық шеберліктерін ортаға салды. Әрбір қатысушы жарысқа жоғары дайындықпен келіп, өз командасының және жаттықтырушысының сенімін ақтауға тырысты. Тартысты бәсеке жағдайында спортшылар бар күш-жігерін салып, жеңіске деген жігерін танытты.

Жарыс алаңындағы әрбір сайыс көрермендер үшін де қызықты өтті. Қатысушылардың ұйымшылдығы, спортқа деген ынтасы мен жігері олардың болашақта биік белестерді бағындыруға талпынысы бар екенін көрсетті. Мұндай жарыстар жас спортшылардың тәжірибесін арттырып қана қоймай, олардың өзара достық қарым-қатынас орнатуына да ықпал етеді.

Ескелді ауданының балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі аудан көлемінде спортты дамытуға, өскелең ұрпақтың спорттық қабілетін жетілдіруге және талантты жастарды анықтауға бағытталған жұмыстарды жүйелі түрде жүргізіп келеді. Спорт мектебінде түрлі спорт бағыттары бойынша жаттығулар өткізіліп, жас спортшылардың жарыстарға қатысуына мүмкіндік жасалуда.

Мұндай ашық біріншіліктердің тағы бір маңызды ерекшелігі – спортшылардың өз деңгейін саралап, алдағы жарыстарға дайындығын жетілдіруіне жол ашуы. Жас спортшы үшін әрбір жарыс – тәжірибе. Ал тәжірибе жинақтау арқылы шеберлік қалыптасып, үлкен спорттағы жеңістерге бастайтын жол айқындала түседі.

Спорттық шараның негізгі мақсаты – жастар арасында дене шынықтыру мен спортты кеңінен насихаттау, балалар мен жасөспірімдердің спортқа деген қызығушылығын арттыру, олардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру және салауатты өмір салтын қалыптастыру. Бұл мақсаттар қазіргі таңда ерекше маңызға ие.

Өйткені дені сау ұрпақ – ел болашағы. Балалардың спортпен айналысуына қолайлы жағдай жасау арқылы олардың денсаулығын нығайтып қана қоймай, бойындағы жақсы қасиеттерді дамытуға мүмкіндік беріледі. Спортпен тұрақты шұғылданған жас тәртіпке бейім, мақсатына ұмтылатын және қиындыққа төтеп бере алатын тұлға болып қалыптасады.

Жарыс қорытындысы бойынша үздік нәтиже көрсеткен спортшылар мен командалар анықталып, жеңімпаздар мен жүлдегерлер марапатталды. Қатысушыларға алғыс білдіріліп, олардың алдағы спорттық додаларда да биік нәтижелер көрсетуіне тілектестік білдірілді.

Ашық біріншілік – Спорт күнінің мазмұнын арттырып қана қоймай, аудан жастары арасында бұқаралық спорттың маңызын тағы бір мәрте айқындаған тағылымды шара болды. Жас спортшылардың жарысқа деген қызығушылығы мен белсенділігі аудан көлемінде спортты дамытуға деген оң үрдістің қалыптасқанын аңғартты.

Осындай спорттық шаралардың тұрақты түрде өткізілуі – жасөспірімдердің спортқа деген сүйіспеншілігін арттырып, жаңа спорттық таланттарды анықтауға және олардың үлкен жарыстарға дайындығын жетілдіруге зор мүмкіндік береді.

Ең бастысы, спорттық додаға қатысқан әрбір жас өз бойындағы күш-жігерін сынап, жаңа тәжірибе жинақтады. Ал жеңіс тұғырына көтерілген спортшылар үшін бұл – жаңа жетістіктерге бастар маңызды қадам.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру, спортты бұқаралық сипатқа айналдыру және жас ұрпақтың спорттық әлеуетін арттыру бағытындағы мұндай игі шаралар алдағы уақытта да жалғасын табары сөзсіз. Себебі спорт – денсаулықтың негізі ғана емес, елдің ертеңгі мықты да жігерлі ұрпағын тәрбиелеудің маңызды тетігі.

КӨКЖАЗЫҚ АУЫЛЫНДА БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ЖАҢА ОЙЫН ЖӘНЕ СПОРТ АЛАҢЫ АШЫЛДЫ

Балалардың қуанышы – ел болашағының жарқын көрінісі

2026 жылғы 21 тамызда Ескелді ауданына қарасты Көкжазық ауылдық округінің Көкжазық ауылында балалардың игілігіне арналған жаңа ойын және спорт алаңының салтанатты ашылу рәсімі өтті.

Ауыл тұрғындары үшін қуанышты жаңалыққа айналған бұл нысан – балалардың бос уақытын тиімді әрі мазмұнды өткізуіне, олардың денсаулығын нығайтып, спортқа деген қызығушылығын арттыруға бағытталған маңызды жобалардың бірі. Жаңа алаңның ашылуы ауылдың әлеуметтік инфрақұрылымын жақсартуға, тұрғындарға қолайлы орта қалыптастыруға және елді мекеннің көркеюіне жасалған кезекті игі қадам болды.

Баланың жан-жақты дамуы үшін оның сапалы білім алуы ғана емес, бос уақытын дұрыс ұйымдастыруы да аса маңызды. Қазіргі таңда балалардың таза ауада ойнап, белсенді қимыл-қозғалыспен айналысуына мүмкіндік беретін заманауи алаңдардың болуы – ауыл тұрғындары үшін үлкен қажеттілік. Осы тұрғыдан алғанда, Көкжазық ауылында бой көтерген жаңа ойын және спорт алаңының маңызы ерекше.

Ашылу рәсіміне ауыл тұрғындары, ата-аналар, балалар мен қоғамдық орта өкілдері қатысып, жаңа нысанның игілігін бірге бөлісті. Салтанатты шара барысында балаларға арналған алаңның ауыл өміріндегі маңызы атап өтіліп, оның өскелең ұрпақтың денсаулығын нығайтуға және салауатты өмір салтын қалыптастыруға қосар үлесі сөз болды.

Жаңа ойын және спорт алаңы балалардың жас ерекшеліктеріне сай белсенді демалысын ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Мұнда бүлдіршіндер бос уақытында достарымен бірге ойнап, түрлі қимылды ойындарға қатысып, спортпен шұғылдана алады. Бұл өз кезегінде балалардың дене белсенділігін арттырып қана қоймай, олардың бір-бірімен араласуына, достық қарым-қатынас қалыптастыруына және ұжымдық ойын мәдениетін меңгеруіне ықпал етеді.

Балалық шақ – адамның өміріндегі ең маңызды кезеңдердің бірі. Осы уақытта қалыптасқан әдеттер мен өмір салты болашаққа тікелей әсер етеді. Сондықтан балаларды кішкентай кезінен спортқа баулу, қозғалыс белсенділігін арттыру және салауатты өмір салтына бағыттау – қоғамның маңызды міндеттерінің бірі.

Мамандардың айтуынша, тұрақты дене белсенділігі баланың физикалық дамуына оң әсер етіп, ширақ әрі белсенді болуына жағдай жасайды. Ал таза ауада қозғалып ойнау баланың көңіл күйін көтеріп, әлеуметтік дағдыларының қалыптасуына да ықпал етеді. Осы орайда ауыл ортасында орналасқан жаңа ойын және спорт алаңы балалар үшін пайдалы әрі мазмұнды уақыт өткізудің жақсы мүмкіндігі болмақ.

Жаңа нысанның ашылуын әсіресе ауыл балалары үлкен қуанышпен қарсы алды. Балалардың жаңа алаңға жиналып, ойын құрылғыларын қызығушылықпен тамашалап, бірден ойнай бастауы – жасалған жұмыстың ең үлкен нәтижесі деуге болады. Баланың шат күлкісі мен көтеріңкі көңіл күйі жаңа нысанның ауыл өміріне ерекше сән бергенін аңғартты.

Ата-аналар үшін де мұндай алаңның ашылуы – қуанышты жаңалық. Өйткені балалардың қауіпсіз әрі жайлы ортада уақыт өткізуі әрбір ата-ана үшін маңызды. Енді гі жерде ауыл бүлдіршіндері бос уақытында арнайы жабдықталған алаңда ойнап, дене шынықтырумен айналысып, достарымен бірге көңілді уақыт өткізе алады.

Сонымен қатар жаңа спорт алаңы ауыл жастарының спортқа деген қызығушылығын арттыруға мүмкіндік береді. Спорттық бағыттағы нысандардың қолжетімді болуы жасөспірімдердің бос уақытын тиімді ұйымдастыруға ықпал етеді. Ауладағы спорттық белсенділік арқылы жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттап, денсаулыққа пайдалы әдеттерді қалыптастыруға болады.

Көкжазық ауылында жаңа ойын және спорт алаңының ашылуы – елді мекеннің абаттандырылып, әлеуметтік жағдайының жақсарып келе жатқанының айқын көрінісі. Ауылдың ажарын арттырып, тұрғындардың өмір сүруіне қолайлы жағдай жасау бағытындағы жұмыстардың әрқайсысы елді мекеннің болашағы үшін маңызды.

Ауыл – ұлттық құндылықтарымыздың алтын бесігі. Мұнда өсіп келе жатқан әрбір бала – елдің ертеңгі азаматы. Сондықтан ауыл балаларына жасалған кез келген жағдай – болашаққа салынған инвестиция.

Балалардың сапалы білім алуына, спортпен айналысуына, шығармашылықпен шұғылдануына және бос уақытын тиімді өткізуіне мүмкіндік жасау – қоғамның ортақ міндеті.

Жаңа алаңның тағы бір ерекшелігі – оның ауыл тұрғындары үшін ортақ демалыс орнына айналу мүмкіндігі. Балалар алаңда ойнап жүрген кезде ата-аналар да таза ауада уақыт өткізіп, бір-бірімен пікір алмасып, ауылдастық байланысты нығайта алады. Осылайша, жаңа нысан тек балалардың ойын орны ғана емес, тұрғындардың басын қосатын қоғамдық кеңістікке айналмақ.

Абаттандырылған, көркі әрі қолайлы орта қалыптастыру – ауылдың өмір сапасын арттырудың маңызды бөлігі. Көкжазық ауылында қолға алынған бұл бастама да осы мақсатпен үндеседі. Елді мекендегі әрбір жаңарған нысан тұрғындардың туған жерге деген сүйіспеншілігін арттырып, ауылдың болашағына деген сенімін нығайта түседі.

Бүгінде ауылдардағы әлеуметтік нысандарды дамыту, балалар мен жастарға қажетті жағдай жасау мәселесіне ерекше мән берілуде. Себебі жас ұрпақтың бос уақытын тиімді ұйымдастыру – олардың болашағына тікелей әсер ететін маңызды бағыт. Балаларға арналған ойын алаңдары мен спорттық нысандардың көбеюі – бұқаралық спортты дамытуға, дені сау ұрпақ тәрбиелеуге және ауыл тұрғындарының өмір сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

Көкжазық ауылындағы жаңа ойын және спорт алаңы да осындай игі мақсаттарды жүзеге асыруға қызмет етпек. Мұнда балалардың ойнап, жүгіріп, спортпен айналысып, достарымен бірге уақыт өткізуіне барлық мүмкіндік бар. Ең бастысы – бұл орын балалардың жүрегінде қуанышты сәттерімен есте қалатын сүйікті мекенге айналуы.

Жаңа нысанның ашылуы барысында айтылған ізгі тілектердің барлығы бір мақсатқа тоғысты. Ол – ауыл балаларының бақытты балалық шағын қамтамасыз ету, олардың денсаулығын нығайту және болашаққа сенімді ұрпақ тәрбиелеу.

Баланың қуанышы – ата-ананың қуанышы. Ал балалардың шат күлкісі естілген ауылдың болашағы да жарқын болары сөзсіз.

Көкжазық ауылында ашылған жаңа ойын және спорт алаңы осы жарқын болашаққа жасалған нақты қадамдардың бірі.

Жаңа алаң балалардың игілігіне ұзақ жылдар қызмет етіп, ауыл тұрғындарының сүйікті орнына айналсын! Мұнда талай бүлдіршіннің алғашқы спорттық жетістіктері басталып, достықтың берік негізі қаланып, балалық шақтың әдемі естеліктері қалыптасарына сенім мол.Балаларымыздың қуанышы – ел болашағының жарқын көрінісі.

Өйткені бақытты балалық шақ үшін жасалған әрбір игі іс – жарқын келешекке бағытталған маңызды қадам.

ТАРИХЫН ТАНЫҒАН ҰРПАҚ – БОЛАШАҒЫН НЫҚ ҚАЛЫПТАСТЫРАДЫ

Әр халықтың жүріп өткен жолы, басынан кешкен тағдыры, жеңісі мен жеңілісі, қуанышы мен қасіреті болады. Сол тарих – ұлттың жадында сақталған баға жетпес рухани қазына. Өткенін білмеген ел өзінің бүгінгі күнін бағалап, ертеңін нық жоспарлай алмайды. Сондықтан өскелең ұрпаққа тарихты таныту, елдің қалыптасу жолын түсіндіру, ата-бабаның аманатына адал болуға тәрбиелеу – аса маңызды міндет.

«Өткенді біл. Болашаққа сен» деген ұғымның астарында үлкен мән жатыр. Бұл – тарихқа тағзым етіп қана қою емес, өткеннен сабақ алып, бүгінгі мүмкіндікті дұрыс бағалап, болашаққа сеніммен қадам басу деген сөз. Өткеннің өнегесі бізге жігер береді, ал болашаққа деген сенім алға ұмтылуға күш береді.

Қазақ халқының тарихы – талай сын мен сынақтан өткен, бірақ қандай қиындыққа да мойымай, өзінің елдігін сақтап қалған халықтың тарихы. Ұлан-ғайыр даланы мекендеген бабаларымыз ғасырлар бойы жерін қорғап, ұрпағының еркіндігі мен бейбіт өмірі үшін күресті. Ел басына күн туған кезеңдерде халықтың бірлігі мен ынтымағы сыналды. Соған қарамастан, халқымыз өзінің ұлттық болмысын, тілін, дәстүрін және рухани құндылықтарын сақтап қалды.

Тарихтың әр кезеңі бізге белгілі бір сабақ береді. Ел басынан өткен қиындықтарды еске алу – мұңға батып, өткеннің ауыртпалығына байланып қалу үшін емес. Керісінше, сол кезеңдердегі халықтың төзіміне, қайсарлығына, бірлігіне қарап, бүгінгі ұрпақ өзіне күш-қуат алуы керек.

Өткенге көз жүгіртсек, халқымыздың ең қиын кезеңдердің өзінде үмітін үзбегенін көреміз. Аштық, соғыс, құғын-сүргін, түрлі саяси және әлеуметтік өзгерістер халықтың тағдырына ауыр із қалдырды. Мыңдаған азамат елдің ертеңі үшін еңбек етті, білім алды, ғылым мен мәдениетті дамытты. Олардың табандылығы мен елге деген сүйіспеншілігі кейінгі ұрпаққа үлгі болды.

Тарихтағы қайғылы оқиғаларды білу – ұлттың жадын сақтау үшін қажет. Бірақ тарихты тек қайғы-қасірет арқылы қабылдау дұрыс емес. Халқымыздың тарихында мақтан тұтарлық жетістіктер де аз емес. Ел қорғаған батырлар, халықтың сөзін сөйлеген билер, ғылым мен білімнің дамуына үлес қосқан зиялылар, өнері мен еңбегі арқылы қазақ мәдениетін әлемге танытқан тұлғалар – кейінгі ұрпақ үшін үлкен өнеге.

Олардың өмір жолына үңілген сайын бір ақиқатқа көз жеткіземіз: кез келген жетістік табандылық пен еңбектің нәтижесінде келеді. Ұлы тұлғалардың барлығы өз дәуірінің қиындықтарына қарамастан, елдің болашағына сенді. Олар білімге, еңбекке, бірлікке және ұлттық рухқа сүйенді.

Бүгінгі жастар да осы ұстанымды берік ұстануы қажет.

Жастар – мемлекеттің қозғаушы күші. Қоғамның ертеңгі келбеті олардың білім деңгейіне, азаматтық жауапкершілігіне, еңбекке деген көзқарасына және ел тағдырына деген жанашырлығына байланысты. Сондықтан жастардың бойында туған жерге деген сүйіспеншілікпен қатар, болашаққа деген сенім болуы керек.

Қазіргі заман – үлкен мүмкіндік кезеңі. Ақпарат пен технология дамып, әлеммен байланыс орнатуға, білім алуға, кәсіби тұрғыда өсуге бұрын-соңды болмаған мүмкіндіктер ашылды. Мұндай жағдайда жастардың ең басты капиталы – білім, еңбекқорлық, ізденіс және өзіне деген сенім.

Әрине, өмірде қиындықсыз жол болмайды. Жеке адамның да, қоғамның да, мемлекеттің де алдында түрлі мәселелер кездеседі. Кейде жоспарлаған ісіміз жүзеге аспай, көңіліміз түсетін сәттер болады. Бірақ қиындық – тоқтап қалуға себеп емес. Керісінше, ол адамның күшін сынап, жаңа мүмкіндіктер іздеуге үйретеді.

Біздің халқымыз қиындықты еңсерудің үлгісін тарихта талай көрсетті. Бабаларымыздың өмір жолы – кез келген сынаққа төтеп беруге болатынын дәлелдейді. Сондықтан бүгінгі ұрпақ та өз күшіне сенуі керек. «Бізден ештеңе келмейді» деген түсінік емес, «Біз бұдан да жақсы нәтижеге жете аламыз» деген ұстаным қоғамды алға бастайды.

Ұлттың болашағы ең алдымен оның бірлігіне байланысты. Бірлік дегеніміз – барлығының бірдей ойлауы емес. Бірлік – ортақ мақсат жолында жұмыла білу, бір-бірін құрметтеу, елдің тыныштығы мен тұрақтылығын бағалау. Әр азамат өз міндетін адал атқарса, қоғам да нығая түседі.

Жастардың бойындағы отансүйгіштік те осындай нақты істерден көрінуі тиіс. Туған жерді сүю – тек жақсы сөз айту емес. Ол – сапалы білім алуға ұмтылу, адал еңбек ету, заңды құрметтеу, табиғатты қорғау, қоғамдық тәртіпті сақтау, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету және өз еліне пайдалы азамат болуға талпыну.

Тарихты білу де отансүйгіштіктің бір көрінісі. Өз халқының тарихын білетін жас өзінің кім екенін, қандай елдің азаматы екенін жақсы түсінеді. Ұлттық тарихты білу адамның дүниетанымын кеңейтіп, ел алдындағы жауапкершілігін арттырады.

Бүгінгі жастар тарихты тек оқулықтан ғана емес, түрлі дереккөздер арқылы танып-білуге мүмкіндік алып отыр. Мұражайларға бару, тарихи орындарды көру, архивтік материалдармен танысу, ғалымдар мен тарихшылардың еңбектерін оқу – өткенді терең түсінуге жол ашады. Әсіресе әлеуметтік желілерде тарайтын ақпаратқа сын көзбен қарап, тарихи деректерді сенімді дереккөздер арқылы тексеру де маңызды.

Өткенді құрметтеу – болашаққа кедергі емес. Керісінше, ол болашаққа бағыт береді. Тарихтан сабақ алған қоғам қателіктерді қайталамауға тырысады. Өткеннің жетістіктерін бағалаған ұрпақ өз мүмкіндіктерін кеңейтуге ұмтылады.

Болашаққа сену де құр сөз болмауы керек. Сенім нақты әрекетпен ұштасқанда ғана нәтиже береді. Жастар өз алдына мақсат қойып, сол мақсатқа жету үшін еңбек етуі қажет. Білім алу, жаңа кәсіп меңгеру, тіл үйрену, ғылым мен технологияны игеру, спортпен айналысу, шығармашылық қабілетін дамыту – мұның бәрі адамның жеке болашағын ғана емес, елдің дамуын да айқындайды.

Бүгінгі жас маманның әрбір жетістігі – елдің жетістігі. Бір азаматтың ғылымдағы жаңалығы, бір кәсіпкердің жаңа жұмыс орындарын ашуы, бір мұғалімнің сапалы білім беруі, бір дәрігердің адам өмірін сақтап қалуы, бір спортшының халықаралық аренада ел намысын қорғауы – барлығы мемлекет дамуына қосылған үлес.

Сондықтан әр жас өзінен: «Мен еліме қандай пайда келтіре аламын?» деп сұрауы қажет.Елдің болашағы тек мемлекеттің саясатына немесе белгілі бір тұлғаларға ғана байланысты емес. Ол – әр азаматтың күнделікті еңбегінен қалыптасады. Өз жұмысын жауапкершілікпен атқаратын, білімге ұмтылатын, заңды құрметтейтін, елінің жетістігіне қуанып, мәселесіне бейжай қарамайтын азаматтар көбейген сайын мемлекет те мықты болады.

Біз мұң мен күйзеліске емес, мүмкіндіктер мен мақсаттарға көбірек назар аударуымыз керек. Өткендегі қиындықтарды ұмытпаймыз, бірақ сол қиындықтардың құрбаны болып қалмаймыз. Тарих бізге қайғыны ғана емес, қайсарлықты да үйретеді. Біз бабаларымыздың төзімінен күш алып, бүгінгі күннің мүмкіндіктерін пайдаланып, ертеңге нық қадам жасауымыз қажет.

Қазақтың кең даласында талай ұрпақ өмір сүрді. Әр буын өз дәуірінің сынағын еңсеріп, келесі ұрпаққа жол ашты. Бүгін сол эстафета біздің қолымызда. Ендеше, оны кейінгі ұрпаққа абыроймен жеткізу – біздің азаматтық парызымыз.

Болашақ – алыстағы белгісіз уақыт емес. Болашақ бүгінгі таңда жасалып жатыр. Бүгін алған біліміміз, бүгінгі еңбегіміз, бүгінгі тәрбиеміз, бүгінгі дұрыс шешімдеріміз ертеңгі қоғамның негізін қалайды. Сондықтан болашақты күтпей, оны өз қолымызбен жасауға ұмтылуымыз керек.

Өткенді білу – тамырымызды тану. Бүгінді бағалау – мүмкіндігімізді түсіну. Болашаққа сену – мақсатымызға қарай батыл қадам жасау.

Елдің ертеңі білімді, еңбекқор, жігерлі және отаншыл жастардың қолында. Жастардың жүрегінде елге деген сүйіспеншілік, бойында жауапкершілік, санасында тарихи жады, ал болашаққа деген көзқарасында сенім болса, алынбайтын асу жоқ.Қандай қиындық болса да, оны еңсеруге біздің күшіміз жетеді. Себебі біз – талай сынақтан өткен, талай белесті бағындырған халықтың ұрпағымыз. Бабалардан қалған ең үлкен аманат – елдің бірлігін сақтау, жерді қорғау, ұлттық құндылықтарды дәріптеу және кейінгі ұрпаққа жарқын болашақ қалдыру.

Сондықтан өткенімізді мақтанышпен таныл, тарихымыздан сабақ алайық. Бүгінгі мүмкіндікті тиімді пайдаланып, білім мен еңбекке ұмтылайық. Ертеңгі күнге қорқынышпен емес, сеніммен қарайық.

Өткенді білейік. Бүгінді бағалайық. Болашаққа сенейік. Өйткені елдің жарқын келешегі – өзіне сенетін, тарихын құрметтейтін және болашағын өз қолымен жасауға дайын ұрпақтың қолында.

ШАРУА НЕМЕСЕ ФЕРМЕР ҚОЖАЛЫҒЫН ЖҮРГІЗУ ҮШІН УАҚЫТША ӨТЕУЛІ ЖЕР ПАЙДАЛАНУ (ЖАЛҒА АЛУ) ҚҰҚЫҒЫН БЕРУ ЖӨНІНДЕГІ КОНКУРС ЖАРИЯЛАУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

Жетісу облысы, Ескелді ауданының әкімдігі, Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 43-1 бабында және «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 20 желтоқсандағы № 518 бұйрығы негізінде, «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс өткізетіндігі туралы хабарлайды:

Конкурсқа қатысу үшін өтінімдерді (конкурстық ұсыныс) қабылдау, жергілікті «Жетісу шұғыласы» газет бетіне жарияланған соң күнтізбелік 30 күннен кейін, он бес жұмыс күні ішінде, яғни 2026 жылдың 28- қыркүйектен 16-қазанға дейін қабылданады. (040500 Жетісу облысы, Ескелді ауданы, Қарабұлақ ауылы Оразбеков көшесі, 67), Ескелді ауданының әкімдігі №5 кабинетке табыс етеді.

Конкурсқа қатысу туралы өтінімдерді қабылдаудың (конкурстық құжаттаманы) соңғы мерзімі: 2026 жылдың 16-қазан айының 18 сағат 30 минутқа дейін.

Конкурстық өтінімдер салынған конверттер 2026 жылдың 19-қазан айының 10 сағат 00 минутта мына-мекен жайда ашылады: Жетісу облысы, Ескелді ауданы, Қарабұлақ ауылы Оразбеков көшесі, 67, аудан әкімдігінің үлкен мәжіліс залында.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімде:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары үшін – заңды тұлғаның атауы, оның тұрған жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтер, жарғылық капиталдағы (жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен) үлестерінің мөлшері көрсетіле отырып, өтінім берушінің – заңды тұлғаның басшылары мен қатысушылары немесе акционерлері туралы мәліметтер, өтінім берушінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер;

2) жеке тұлғалар үшін – өтінім берушінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), тұрғылықты жері, азаматтығы, жеке сәйкестендіру нөмірі, өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер;

3) өтінім беруші үміттеніп отырған жер учаскесінің орналасқан жері;

4) конкурстық ұсыныс;

5) өтінім беруші шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың жеңімпазы деп танылған жағдайда, шаруа немесе фермер қожалығын не ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартына қол қою қажеттігі туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілген шартты жасасу жөніндегі міндеттеме қамтылуға тиіс.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімді жеке тұлғаның немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасының уәкілетті өкілдері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген және ресімделген сенімхаттың негізінде ұсына алады.

Конкурстық ұсыныста мынадай құжаттар болуы қажет:

1) бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, ашылатын жұмыс орындарының саны);

2) шаруашылықішілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту іс-шараларын орындау жөніндегі міндеттемелер;

3) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларын және жайылымдарды ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын әртараптандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.

Конкурстық ұсыныс, "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, беттері нөмірленіп, тігілген түрде, жабық конвертте ұсынылады.

Конкурстық ұсыныста өтінім беруші ұсынған міндеттемелер мен бизнес-жоспар шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартының ажырамас бөлігі болып табылады.

Сонымен қатар, Конкурстық ұсынысты, "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, конкурсқа қатысушы беттері нөмірленіп, тігілген түрде мөрленген немесе өшірілмейтін сиямен жазылған жабық конвертте ұсынады, конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе сенімді өкіл) үшін - қатысушының қолымен және заңды тұлғалар үшін - бірінші басшының (немесе сенімді өкіл) қолымен және мөрімен (бар болса) куәландырылады.

Өтінімде және конкурстық ұсыныста қатысушыға грамматикалық және арифметикалық қателерді түзету қажет болған жағдайларды қоспағанда, жолдар арасында ешқандай кірістірмелер, өшірулер немесе қосып жазулар болмауы тиіс.

Конкурстық ұсыныстың жабық конвертінде "шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс" және " жылғы _____"_____ " дейін ашуға болмайды" (ашудың нақты күні көрсетіледі) деген сөздер жазылады.

Ауыл шаруашылығымен айналысатын тұлғалар конкурсқа қатысу үшін қосымша ақпарат пен анықтама алу үшін Ескелді ауданының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөліміне (72836) 3-17-68 телефон арқылы хабарласуға болады.(мекен-жайы: Ескелді ауданы, Қарабұлақ ауылы, Сәтпаев көшесі, 65 ғимаратының 3 қабаты 18 кабинет.)

Ескелді ауданының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі

КОНКУРСҚА ШЫҒАРЫЛАТЫН АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МАҚСАТЫНДАҒЫ ЖЕР УЧАСКЕЛЕРІНІҢ ТІЗБЕСІ

Лот нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері (ауылдық округі)	Жер учаскесінің алқап түрі	Көлемі, га	бонитет балы	Сумен қамтамасыз етілуі	Топырақтың сапалық сипаттамасы	Жалға алу мерзімі	өңірдің ауыл шаруашылығына мамандануы
1	Жалғызағаш ауылдық округі	жайылымдық	300	4	Қамтылған	қарапайым сұр топырақ аз қуатты	10 жыл	маманданған
2	Бақтыбай ауылдық округі	Суармалы егістік	3,6	38	Қамтылған	Шалғынды сұр топырақ, кәдімгі, солтүстік, кәдімгі	10 жыл	маманданған
3	Бақтыбай ауылдық округі	Суармалы егістік	4,8	38	Қамтылған	Шалғынды сұр топырақ, кәдімгі, солтүстік, кәдімгі	10 жыл	маманданған
4	Бақтыбай ауылдық округі	Суармалы егістік	2,0	38	Қамтылған	Шалғынды сұр топырақ, кәдімгі, солтүстік, кәдімгі	10 жыл	маманданған
5	Бақтыбай ауылдық округі	Суармалы егістік	2,3	38	Қамтылған	Шалғынды сұр топырақ, кәдімгі, солтүстік, кәдімгі	10 жыл	маманданған
6	Бақтыбай ауылдық округі	Суармалы егістік	6,6	38	Қамтылған	Шалғынды сұр топырақ, кәдімгі, солтүстік, кәдімгі	10 жыл	маманданған
барлығы			319,3					

ПИЛОТ QALQAN РАСШИРЕН ДО 16 МЕДИЦИНСКИХ ОРГАНИЗАЦИЙ

Фонд социального медицинского страхования продолжает поэтапный перевод в единый цифровой сервис Qalqan четырех ключевых бизнес-процессов финансирования медицинской помощи: планирования, закупа, мониторинга и оплаты.

Важно отметить, что медицинские работники продолжают работать в привычных медицинских информационных системах. Qalqan автоматически получает из информационных систем необходимые сведения об оказанной медицинской помощи, не требуя их повторного ручного ввода и не отвлекая медицинских работников от лечебной работы.

На первом этапе проводится перевод процесса оплаты медицинской помощи на цифровую платформу. На сегодняшний день полный цикл оплаты через Qalqan проведен на базе трех медицинских организаций Астаны. Общая сумма оплаченной медицинской помощи составила 2,97 млрд тенге.

Полный цикл оплаты протестирован по 20 из 92 видов и подвидов медицинской помощи. Еще по 60 видам и подвидам тестирование продолжается на базе 16 медицинских организаций. По мере завершения апробации пилот будет последовательно масштабироваться.

Одним из ключевых решений, реализованных в рамках Qalqan, стало дробное актирование. Ранее для проведения оплаты требовалось сформировать единый сводный акт по всем видам медицинской помощи. Теперь расчеты проводятся отдельно по конкретным видам помощи и услугам. Внедрение дробного актирования позволило ускорить оплату и сделать процесс финансирования более гибким.

Следующим этапом станет перевод в единый цифровой контур остальных бизнес-процессов. До завершения этой работы соответствующие операции продолжают осуществляться в действующих информационных системах. Оцифровку всех четырех процессов планируется завершить до конца текущего года.

Параллельно с пилотированием оплаты в Qalqan вносятся и актуализируются сведения о медицинских организациях и их производственных площадках, включая данные о лицензиях, кадровом составе, оборудовании, имеющихся мощностях и др. На сегодняшний день систематизированы сведения о более чем 1,7 тыс. медицинских организаций и 12,4 тыс. производственных баз.Важно уделить особое внимание достоверности и полноте этих данных, поскольку в дальнейшем от них будут напрямую зависеть корректность расчета объемов финансирования и оплата медицинской помощи.

Медицинские организации и соисполнители самостоятельно актуализируют соответствующие сведения в Qalqan.

Для сопровождения проекта и обеспечения оперативной обратной связи с поставщиками внедрена «Красная кнопка» - канал прямой связи медицинских организаций с Председателем Правления Фонда.

Через специальный QR-код поставщики могут сообщать о задержках оплаты, вопросах финансирования и договорных отношений, разногласиях по мониторингу, сбоях информационных систем, коррупционных нарушениях и других проблемах.

Поступающие обращения оперативно рассматриваются и находятся на контроле руководства Фонда.

Филиал по области Жетісу НАО «Фонд социального медицинского страхования»

ИЗВЕЩЕНИЕ О ПРОВЕДЕНИИ КОНКУРСА ПО ПРЕДОСТАВЛЕНИЮ ПРАВА ВРЕМЕННОГО ВОЗМЕЗДНОГО ЗЕМЛЕПОЛЬЗОВАНИЯ (АРЕНДЫ) ДЛЯ ВЕДЕНИЯ КРЕСТЬЯНСКОГО ИЛИ ФЕРМЕРСКОГО ХОЗЯЙСТВА, СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННОНО ПРОИЗВОДСТВА

Ескельдинский районный акимат в соответствии со статьей 43-1 Земельного Кодекса Республики Казахстан и Приказа № 518 от 20 декабря 2018 года Заместителя Премьер-министра Республики Казахстан - Министр сельского хозяйства Республики Казахстан «Об утверждении Правил организации и проведения конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства», в районной газете «Жетісу шұғыласы» и интернет-ресурсе Акимата Ескельдинского района объявляет о проведения конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

Заявки на участие в конкурсе (конкурсная документация) будут приниматься по истечении 30 календарных дней после публикации, в течении 15 рабочих дней; с 28 сентября по 16 октября 2026 года, по адресу: (040500 область Жетісу , Ескелдинский район, с.Карабұлак, ул. Оразбекова №67), в кабинете №5 Акимата Ескельдинского района.

Прием заявок на участие в конкурсе (конкурсная документация) заканчивается : 16 октября 2026 года, в 18 часов 30 минут.

Вскрытия конвертов с конкурсной документацией будет проведена 19 октября 2026 года в 10 часов 00 минут (область Жетісу, Ескелдинский район, с.Карабұлак, ул. Оразбекова №67) в большом зале районного акимата.

Заявка на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства должна содержать:

для негосударственных юридических лиц Республики Казахстан – наименование юридического лица, его место нахождения, сведения о государственной регистрации (перерегистрации) в качестве юридического лица, сведения о руководителях и участниках или акционерах заявителя – юридического лица с указанием размера их доли в уставном капитале (от общего размера уставного капитала), сведения об аффилированных лицах заявителя;

для физических лиц – фамилию, имя и отчество (если оно указано в документе, удостоверяющем личность) заявителя, место жительства, гражданство, индивидуальный идентификационный номер, сведения о документе, удостоверяющем личность заявителя;

местоположение земельного участка, на который претендует заявитель;

конкурсное предложение;

обязательства по заключению договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства либо сельскохозяйственного производства в течение трех рабочих дней со дня получения уведомления о необходимости подписания указанного договора в случае признания заявителя победителем конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

Заявку на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства могут представлять уполномоченные представители физического лица или негосударственного юридического лица Республики Казахстан на основании доверенности, выданной и оформленной в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

Конкурсное предложение должно содержать:

бизнес-план (прогнозный объем инвестиций, площади возделывания сельскохозяйственных культур, поголовье сельскохозяйственных животных, применяемые агротехнологии, наличие сельскохозяйственной техники и технологического оборудования, квалифицированных специалистов в области сельского хозяйства, количество создаваемых рабочих мест);

обязательства по составлению и освоению проекта внутрихозяйственного землеустройства, выполнению мероприятий по развитию сельскохозяйственной инфраструктуры;

обязательства по исполнению требований земельного законодательства Республики Казахстан, включая правила рационального использования земель сельскохозяйственного назначения, выполнению индикативных показателей по диверсификации структуры посевных площадей сельскохозяйственных культур в соответствии со специализацией региона, соблюдению научно обоснованных агротехнологий, фитосанитарных и карантинных требований.

Конкурсное предложение представляется в закрытом конверте в прошитом виде с пронумерованными страницами, за исключением случаев его подачи посредством веб-портала "электронного правительства".

Обязательства и бизнес-план, предложенные заявителем в конкурсном предложении, являются неотъемлемой частью договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

В заявке и на конкурсном предложении не должно быть никаких вставок между строчками, подтирок или приписок, за исключением тех случаев, когда участнику необходимо исправить грамматические или арифметические ошибки.

В закрытом конверте конкурсного предложения указывается надпись "Конкурс по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства" и "Не вскрывать до: "___" _____ года" (указывается точная дата).

Для получения дополнительной информации и запроса звоните в отдел сельского хозяйства и земельных отношений Ескельдинского района тел: 8 (72836) 3-17-68 (адрес: Ескельдинский район, с.Карабулак , ул.Сәтпаева № 65 3 этаж, кабинет №20.)

Отдел сельского хозяйства и земельных отношений Ескельдинского района

ПЕРЕЧЕНЬ ЗЕМЕЛЬНЫХ УЧАСТКОВ СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННОГО НАЗНАЧЕНИЯ, ВЫСТАВЛЯЕМЫХ НА КОНКУРС

Номер лота	Местоположение земельного участка (округ)	Вид угодья земельного участка	площадь, га	Балл бонитет	Водообеспеченность	Качественные харакеристики почвы	Срок аренды	Сельскохозяйственная специализация региона
1	Жалгызагашский сельский округ	пастбища	300	4	обеспечено	Темно-каштановые обычные среднемощные	10 лет	специализированный
2	Бактыбайский сельский округ	Орошаемая пашня	6,6	38	обеспечено	Лугово-серозем-ный обыкновенный северный обычный	10 лет	специализированный
3	Бактыбайский сельский округ	Орошаемая пашня	4,8	38	обеспечено	Лугово-серозем-ный обыкновенный северный обычный	10 лет	специализированный
4	Бактыбайский сельский округ	Орошаемая пашня	2	38	обеспечено	Лугово-серозем-ный обыкновенный северный обычный	10 лет	специализированный
5	Бактыбайский сельский округ	Орошаемая пашня	2,3	38	обеспечено	Лугово-серозем-ный обыкновенный северный обычный	10 лет	специализированный
6	Бактыбайский сельский округ	Орошаемая пашня	3,6	38	обеспечено	Лугово-серозем-ный обыкновенный северный обычный	10 лет	специализированный
Всего			319,3					

ПЕНСИОННЫЕ НАКОПЛЕНИЯ КАЗАХСТАНЦЕВ ДОСТИГЛИ 28,35 ТРЛН ТЕНГЕ

По состоянию на 1 августа 2026 года объем пенсионных накоплений казахстанцев составил 28,35 трлн тенге, увеличившись за последние 12 месяцев на 3,50 трлн теңге (или на 14,1%).

Основную долю пенсионных накоплений составляют средства за счет обязательных пенсионных взносов (ОПВ). По состоянию на 1 августа 2026 года их объем достиг 26,31 трлн теңге, увеличившись за 12 месяцев на 2,69 трлн теңге или 11,4%.

Объем пенсионных накоплений, сформированных за счет обязательных профессиональных пенсионных взносов (ОППВ), превысил 751,56 млрд теңге. За последние 12 месяцев этот показатель вырос на 6,6%.Продолжился рост накоплений, сформированных за счет добровольных пенсионных взносов (ДПВ). На 1 августа 2026 года их объем составил 10,41 млрд теңге, увеличившись за 12 месяцев на 14,9%.

Также отмечается значительный рост пенсионных накоплений, формируемых за счет обязательных пенсионных взносов работодателя (ОПВР), которые поступают на пенсионные счета вкладчиков (получателей) с 1 января 2024 года. По состоянию на 1 августа 2026 года их объем составил 1 273,93 млрд теңге, увеличившись за 12 месяцев в 2,5 раза.

Поступления-Общий объем накоплений обеспечивается за счет пенсионных взносов и инвестиционного дохода. За 7 месяцев 2026 года на индивидуальные и условные пенсионные счета вкладчиков поступило 2 127,27 млрд теңге взносов, что на 15,7 % (или на 289,09 млрд теңге) больше по сравнению с аналогичным периодом прошлого года.

На индивидуальные пенсионные счета (ИПС) по учету ОПВ с начала 2026 года на 1 августа 2026 г. поступило 1 630,80 млрд теңге (по сравнению с аналогичным периодом прошлого года объем ОПВ увеличился на 8,1 %), ОППВ – 87,69 млрд теңге (рост на 11,0%), ДПВ – 1251,28 млн теңге. Взносы за счет ОПВР с начала года на 01.08.2026 г. составили 407,53 млрд теңге.

Чистый инвестиционный доход, поступивший на счета вкладчиков с начала года, по состоянию на 01.08.2026 года составил 1233,05 млрд теңге.

Выплаты и переводы

Выплаты по всем видам взносов и переводы в страховые организации из ЕНПФ за январь-июль 2026 года достигли 1083,51 млрд теңге.

Объём выплат по возрасту составил 170,95 млрд теңге. Размер средней ежемесячной выплаты по графику из ЕНПФ в связи с достижением пенсионного возраста – 38 993 теңге.Единовременные пенсионные выплаты (ЕПВ) на улучшение жилищных условий и лечение с начала 2026 года на 01.08.2026 г. составили 435,20 млрд тенге, выплаты по наследству – 63,06 млрд теңге, выплаты в связи с выездом на ПМЖ за пределы РК – 28,13 млрд теңге, выплаты лицам с инвалидностью – 2,05 млрд теңге, выплаты на погребение – 5,56 млрд теңге. В страховые организации переведена сумма в размере 378,56 млрд теңге.

Количество ИПС

Общее количество пенсионных счетов в ЕНПФ на 1 августа 2026 года составило 18,89 млн единиц (рост за 12 месяцев - 1,12 млн единиц или 6,3%). При этом количество ИПС вкладчиков (получателей) в ЕНПФ на 1 августа 2026 г. - 12,84 млн единиц, из них: 11,39 млн - по ОПВ, 789,48 тыс. - по ОППВ, 463,69 тыс. - по ДПВ. Отметим, что в общее количество счетов по учету ОПВ (11,39 млн единиц) также входят счета получателей, выехавших на ПМЖ за пределы страны, но не обратившихся за накоплениями, умерших вкладчиков, чьи наследники не оформили наследование пенсионных накоплений, военнослужащих, переведенных с 2016 года на полное государственное пенсионное обеспечение, и других категорий вкладчиков (получателей), на счета которых в соответствии с казахстанским законодательством взносы не должны поступать.

Количество условных пенсионных счетов в ЕНПФ, на которых учитываются сведения о поступивших ОПВР, составило 6,06 млн единиц.

Вся актуальная информация о статистических данных по пенсионным активам размещена на сайте enpf.kz в разделе «Статистика и аналитика».

ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫ – ӨЗ БАҚЫЛАУЫҢЫЗДА: БЖЗҚ САЛЫМШЫЛАРЫНЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕРІ КЕҢЕЙТІЛУДЕ

2026 жылғы 7 қыркүйектен бастап Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексіне енгізілген өзгерістер күшіне енеді. Бұл өзгерістер БЖЗҚ салымшыларының зейнетақы жинақтарын басқару стратегиялары мен инвестициялық портфельдерді өз бетінше таңдау құқықтарын едәуір кеңейтеді. Енді салымшылар өздерінің зейнетақы жинақтарының 100%-ына дейін инвестициялық портфельді басқарушылардың (ИПБ) сенімгерлік басқаруына бере алады.

Жаңашылдықтардың мақсаты – ең қолайлы инвестициялық стратегиясы мен табыстылық тарихы бар ИПБ-ны таңдау арқылы жинақтарды басқарудың ұзақ мерзімді кірістілігін арттыру.

Міндетті зейнетақы жарналарының (МЗЖ) және ерікті зейнетақы жарналарының (ЕЗЖ) салымшылары, сондай-ақ пайдасына міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) мен ЕЗЖ аударылатын жеке тұлғалар сенімгерлік басқаруға берілетін зейнетақы жинақтарының көлемін өз бетінше айқындауға, бір немесе бірнеше ИПБ-ны, сондай-ақ өздерінің қаржылық мақсаттарына сәйкес бір немесе бірнеше инвестициялық портфельді таңдауға мүмкіндік алады.

Таңдау мүмкіндігі арта түседі

Заңнамаға сәйкес әрбір ИПБ салымшыларға тәуекел деңгейі, инвестициялар құрылымы және инвестициялау мерзімі бойынша ерекшеленетін инвестициялық портфельдердің үш түріне дейін (консервативті, теңгерімді және тәуекелі жоғары) ұсына алады. Үш түрлі портфельдің болуы инвестицияларды салымшының жасына және жеке мүдделеріне қарай бейімдеуге мүмкіндік береді. Ал жинақтарды бірнеше ИПБ арасында бөлу құқығы олардың табыстылығының ауытқуына тәуелділікті азайтады.

ИПБ-ның инвестициялық портфельдерін қалыптастыруға қойылатын талаптарды Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі (ҚНРДА) айқындайды.

Барлық ақпарат – бір платформада

Салымшыларға қолайлы болу үшін БЖЗҚ зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруға қатысты негізгі ақпаратты біріктіретін invest.enpf.kz бірыңғай ақпараттық интернет-платформасын іске қосты. Платформа табыстылық туралы ақпаратқа ыңғайлы әрі құрылымдалған қолжетімділікті қамтамасыз етеді, белгіленген кезеңдер бойынша әртүрлі басқарушылардың (ҚР Ұлттық Банкі мен ИПБ-лардың) басқаруындағы инвестициялық портфельдердің көрсеткіштерін динамикада салыстыруға мүмкіндік береді.

Салымшы инвестициялық портфельдерді бағалап, өзінің мүддесі мен инвестициялық мақсаттарына сәйкес басқарушыны және оның инвестициялық стратегияларын дербес таңдай алады.

Зейнетақы жинақтарын сенімгерлік басқаруға қалай беруге болады?

Зейнетақы жинақтарын сенімгерлік басқаруға беру үшін салымшы зейнетақы активтерін басқаруға рұқсат етілген инвестициялық портфельді басқарушылардың (ИПБ) тізілімінен басқарушы компанияны таңдауы және өтініш беруі қажет. (Толық ақпарат БЖЗҚ сайтындағы «Қызметтер – Сенімгерлік басқаруға аудару – Инвестициялық портфельді басқарушылар тізілімі» бөлімінде орналастырылған.)

Өтініште:

-enpf.kz сайтындағы жеке кабинет арқылы (электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалана отырып);

-жеке басын куәландыратын құжатты ұсыну арқылы БЖЗҚ-ның кез келген бөлімшесінде беруге болады.

Зейнетақы жинақтарының бір бөлігін ИПБ-ға беру, бір ИПБ-дан екіншісіне ауыстыру немесе жинақтарды ИПБ-дан Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (ҚРҰБ) басқаруына қайтару бойынша қадамдық нұсқаулық мына сілтеме бойынша орналастырылған: https://www.enpf.kz/kz/services/Invest/22218/.

Өтініштің орындалу мәртебесін БЖЗҚ сайтындағы немесе мобильді қосымшасындағы жеке кабинеттен («Өтініштер» бөлімі) қадағалауға болады. Өтініштерді қабылдау және өңдеу үдерісі толық автоматтандырылған. Зейнетақы жинақтарын ИПБ-ның сенімгерлік басқаруына беру өтініш келіп түскен күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде БЖЗҚ арқылы жүзеге асырылады. Бұл ретте зейнетақы жинақтарын бір ИПБ-дан екіншісіне ауыстыруға немесе оларды Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің басқаруына қайтаруға жинақтар инвестициялық портфельді басқарушының сенімгерлік басқаруына берілген күннен бастап кемінде бір жыл өткеннен кейін ғана рұқсат беріледі.

ИПБ басқаруындағы зейнетақы жинақтарын қорғау тетіктері

Зейнетақы жинақтарын басқару мүмкіндіктерінің кеңеюі салымшының жауапкершілігінің де артуын білдіреді. ИПБ-ны таңдау – салымшының дербес шешімі. Ол ұсынылатын инвестициялық стратегияны, инвестициялық портфельдің құрылымын, тәуекел деңгейін және активтерді басқару нәтижелерін өз бетінше бағалайды.

Заңнамада зейнетақы жинақтарын қорғаудың кешенді жүйесі көзделген:

-ИПБ-ның қаржылық жауапкершілігі. 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап табыстылықтың эталоны ретінде қолданылатын композиттік индекстер жүйесі енгізілді. Егер инвестициялық портфельдің табыстылығы белгіленген бағдардан төмен болса, басқарушы компания айырманы өз капиталы есебінен салымшыға өтеуге міндетті.

-Тәуелсіз кастодиан-банк. Барлық активтер кастодиан-банкте (тәуелсіз ірі банкте) сақталады. Ол активтердің заңнама талаптарына сәйкес орналастырылуын бақылайды. Бұл ретте активтер салымшының БЖЗҚ-дағы жеке зейнетақы шотында (ЖЗШ) есепке алынуын жалғастырады және ИПБ-ның меншікті активтерінен бөлек сақталады. ИПБ банкрот болған жағдайда салымшылардың зейнетақы активтері оның міндеттемелерін орындауға пайдаланылмайды.

-Инвестициялық шектеулер және әртараптандыру. Реттеуші ИПБ инвестициялай алатын қаржы құралдарының тізбесін белгілейді. Олардың қатарына Қазақстан Республикасының және шет мемлекеттердің мемлекеттік бағалы қағаздары, қазақстандық және шетелдік ұйымдардың үлестік және борыштық бағалы қағаздары, сондай-ақ тиісті кредиттік рейтингі бар екінші деңгейдегі банктер мен бейрезидент-банктердегі салымдар кіреді. Жоғары тәуекелді цифрлық және криптоактивтер бұл тізбеге енгізілмеген, сондықтан зейнетақы жинақтарын оларға инвестициялауға жол берілмейді. Сонымен қатар заңнамада инвестициялау лимиттері белгіленген. Әрбір ИПБ реттеуші талаптарын ескере отырып, өзінің инвестициялық декларациясында басқару стратегиясын дербес айқындайды.

-Басқарушы компанияларға қойылатын талаптар. Зейнетақы активтерін басқаруға қаржылық тұрғыдан орнықты ИПБ ғана жіберіледі. Ол реттеушінің капитал жеткіліктілігіне, клиенттердің активтерін басқару тәжірибесіне, сондай-ақ ірі акционерінің немесе рейтингі «BBB» деңгейінен төмен емес бейрезидент акционерінің болуына қатысты реттеушінің талаптарына сәйкес келуі тиіс. Зейнетақы активтерін басқаруға рұқсат берілген ИПБ-лар тізілімі ҚНРДА мен БЖЗҚ-ның ресми интернет-ресурстарында жарияланған. Қазіргі уақытта зейнетақы активтерін басқару алты компанияның құзыретінде: «Alatau City Invest» АҚ, «BCC Invest» АҚ, «Halyk Global Markets» АҚ , «Halyk Finance» АҚ, «Сентрас Секьюритиз» АҚ және «Tansar Capital» АҚ. ИПБ тізілімнен шығарылған жағдайда салымшылардың зейнетақы жинақтары Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің басқаруына қайтарылады.БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, сондай-ақ "Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым аударған кепілдік берілген депозит бойынша кепілдік берілген өтемнің талап етілмеген сомасы есебінен қалыптастырылған ерікті зейнетақы жарналарын есепке алып, оның есебін жүргізеді, зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Сондай-ақ Қор нысаналы активтер мен нысаналы талаптарды есепке алуды, нысаналы жинақтау шоттарына нысаналы жинақтарды (НЖ) есепке алу мен есептеуді, НЖ төлемдерін оларды алушының банк шоттарына есептеуді, "Ұлттық қор – балаларға" бағдарламасы шеңберінде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен НЖ қайтарымдарын есепке алуды жүзеге асырады (толығырақ www.enpf.kz сайтында).

ПЕНСИОННЫЕ НАКОПЛЕНИЯ ПОД ВАШИМ КОНТРОЛЕМ: РАСШИРЯЮТСЯ ИНВЕСТИЦИОННЫЕ ВОЗМОЖНОСТИ ВКЛАДЧИКОВ ЕНПФ

С 7 сентября 2026 года вступают в силу изменения в Социальный кодекс Республики Казахстан , существенно расширяющие права вкладчиков ЕНПФ по самостоятельному выбору стратегий и портфелей по управлению пенсионными накоплениями. Теперь вкладчики смогут передавать в доверительное управление управляющим инвестиционным портфелем (УИП) до 100% своих накоплений. Нововведения направлены на повышение долгосрочной доходности от управления сбережениями за счет выбора УИП с наиболее подходящей инвестиционной стратегией и историей доходности.

Вкладчики обязательных пенсионных взносов (ОПВ) и добровольных пенсионных взносов (ДПВ), а также физические лица, за которых перечислены обязательные профессиональные пенсионные взносы (ОППВ) и ДПВ, смогут самостоятельно определить объем своих накоплений, передаваемых в доверительное управление, выбрать один или несколько УИП, а также один или несколько инвестиционных портфелей в соответствии со своими финансовыми целями.

Больше возможностей для выбора

Согласно законодательству каждый УИП будет вправе предложить вкладчикам до трех видов инвестиционных портфелей (консервативный, умеренный, рискованный), различающихся по уровню риска, структуре инвестиций и сроку инвестирования. Наличие трех типов портфелей дает возможность адаптировать инвестиции под индивидуальный возраст и интересы вкладчика, а право распределять накопления между разными УИП минимизирует зависимость от колебаний их доходности.

Требования к формированию инвестиционных портфелей УИП определяется Агентством по регулированию и развитию финансового рынка (АРРФР).

Вся информация - на одной платформе

Для удобства вкладчиков ЕНПФ внедрил единую информационную интернет-платформу invest.enpf.kz, объединяющую ключевую информацию по инвестиционному управлению пенсионными активами. Платформа предоставляет удобный и структурированный доступ к информации о доходности, позволяет в динамике по заданному диапазону периодов сопоставлять различные данные по портфелям, находящимся в управлении всех доверительных управляющих (НБРК и УИП). Вкладчик может оценить инвестиционные портфели, а также самостоятельно выбрать управляющего и его стратегии инвестирования с учетом своих интересов.

Как передать накопления в доверительное управление?

Для перевода своих пенсионных накоплений вкладчику необходимо выбрать управляющую компанию из реестра УИП, допущенных к управлению пенсионными активами (подробная информация размещена на сайте ЕНПФ в разделе «Услуги - Перевод в доверительное управление - Реестр управляющих инвестиционным портфелем»), и подать заявление.

Это можно сделать:

-в личном кабинете на сайте enpf.kz (с использованием электронной цифровой подписи);

-в любом отделении ЕНПФ (при предъявлении документа, удостоверяющего личность).

Пошаговая инструкция (при переводе части пенсионных накоплений в УИП / от одного УИП к другому УИП / возврате накоплений из УИП в НБРК) размещена по ссылке: https://www.enpf.kz/ru/services/Invest/22218/.

Статус заявления можно отслеживать в своем личном кабинете на сайте или в мобильном приложении ЕНПФ (в закладке «Заявления»). Процесс подачи и обработки заявлений полностью автоматизирован, а передача накоплений в доверительное управление УИП осуществляется ЕНПФ в течение 30 календарных дней после даты поступления заявления. При этом перевести пенсионные накопления от одного УИП к другому, а также вернуть их под управление Национального Банка Республики Казахстан (НБРК) можно не ранее чем через один год с даты передачи пенсионных накоплений в доверительное управление управляющему инвестиционным портфелем.

Механизмы защиты пенсионных накоплений при управлении УИП

Расширение возможностей по управлению пенсионными накоплениями предполагает и более высокую степень ответственности самого вкладчика. Выбор УИП является его самостоятельным решением, вкладчик оценивает предлагаемую стратегию и структуру портфеля, уровень риска и результаты управления активами. Законодательством предусмотрена комплексная система защиты накоплений:

-финансовая ответственность УИП – с 1 января 2026 года действует система композитных индексов, используемых в качестве эталона доходности. Если доходность портфеля окажется ниже ориентира, управляющая компания обязана компенсировать разницу вкладчику за счет собственного капитала;

-независимый банк-кастодиан – все активы хранятся в банке-кастодиане (независимом крупном банке), который контролирует целевое размещение активов требованиям законодательства. При этом активы продолжают учитываться на индивидуальном пенсионном счете (ИПС) вкладчика в ЕНПФ и отделены от собственных активов УИП. В случае банкротства УИП пенсионные активы вкладчиков не могут быть использованы УИП;

-инвестиционные ограничения и диверсификация – регулятор определяет перечень инструментов, в которые УИП имеет право инвестировать. В него входят государственные ценные бумаги Казахстана и иностранных государств, долевые и долговые негосударственные бумаги казахстанских и иностранных организаций, а также вклады в банках второго уровня и в банках-нерезидентах с соответствующим кредитным рейтингом. Высокорисковые цифровые и криптоактивы в этот перечень не входят, поэтому инвестирование пенсионных накоплений в них не допускается. Законодательством также установлены лимиты инвестирования. Стратегию управления каждый УИП определяет самостоятельно в своей инвестиционной декларации с учетом регуляторных требований;

-требования к управляющим компаниям – к управлению пенсионными активами допускаются только финансово-устойчивые УИП, соответствующие требованиям регулятора по капиталу, опыту управления активами клиентов и наличию крупного акционера либо акционера-нерезидента с рейтингом не ниже «BBB». Реестр УИП, допущенных к управлению пенсионными активами, публикуется на сайтах АРРФР и ЕНПФ. В настоящее время к управлению допущены шесть компаний: АО «Alatau City Invest», АО «BCC Invest», АО «Halyk Global Markets» , АО «Halyk Finance», АО «Сентрас Секьюритиз», АО «Tansar Capital». При исключении УИП из реестра пенсионные накопления возвращаются под управление НБРК.

ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫН ТҰРАҚТЫ ТҮРДЕ ҚАЛЫПТАСТЫРАТЫН ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ САНЫ АРТЫП КЕЛЕДІ

Қазақстанда азаматтардың лайықты зейнетақымен қамсыздандыруға қатысты саналы көзқарасы жыл санап дамып келеді. Бұл үрдіс басқа елдерде әлдеқашан қалыптасқан тәжірибе. Зейнетақы жинақтарын өзінің қартайған кездегі әл-ауқат деңгейіне тікелей әсер ететін ұзақ мерзімді қаржылық капиталы ретінде қабылдайтын азаматтар саны көбеюде. Бұған зейнетақы жинақтары көлемінің серпінді өсуі, халықты жинақтаушы зейнетақы жүйесімен (ЖЗЖ) қамту ауқымының кеңеюі, зейнетақы жарналарын тұрақты төлейтін азаматтар санының артуы дәлел.

Зейнетақы шоттары мен ондағы жинақтардың өсуі

2026 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша қазақстандықтардың БЖЗҚ-дағы зейнетақы жинақтары 28,09 трлн теңгеге жетіп, бір жыл ішінде 4,08 трлн теңгеге немесе 17,0%-ға өсті.

ЖЗЖ дамуының негізгі көрсеткіштерінің бірі – зейнетақы шоттары санының тұрақты өсуі. 2026 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ-да 18,78 млн зейнетақы шоты ашылған. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 1,11 млн немесе 6,3%-ға көп.

Олардың ішінде салымшылардың (алушылардың) 12,80 млн жеке зейнетақы шоты бар. Оның ішінде 11,36 млн шот – міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ), 786,27 мың шот – міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ), 462,40 мың шот – ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) бойынша ашылған. Бұдан бөлек, БЖЗҚ-да жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары (ЖМЗЖ) бойынша келіп түскен мәліметтер есепке алынатын 5,97 млн шартты зейнетақы шоты ашылған.

Шоттар мен жинақтар туралы барлық ақпарат ашық әрі азаматтарға тәулік бойы, аптасына 7 күн қолжетімді. Оны БЖЗҚ-ның сайтындағы немесе мобильді қосымшасындағы жеке үзінді көшірмеден, сондай-ақ БЖЗҚ-ның өңірлік бөлімшелерінен алуға болады.

Халықтың зейнетақы жарналарын төлеу белсенділігін қалай бағалаған жөн?

Азаматтардың зейнетақы жарналарын төлеу белсенділігін бағалау кезінде бірқатар маңызды жайттарды ескеру қажет. МЗЖ есепке алынатын шоттардың жалпы санына (11,36 млн) объективті себептерге байланысты жарналар түспейтін шоттар да кіреді. Оларға азаматтардың мынадай санаттары жатады:

-зейнет жасына жетіп, зейнетақы төлемдерін алып жүрген және еңбек қызметін әрі қарай жалғастырып, табысы болған жағдайда да зейнетақы жарналарын төлеуден босатылған зейнеткерлер;

-мерзімсіз уақытқа бірінші және екінші топтағы мүгедектігі белгіленген адамдар;

-2016 жылдан бастап толық мемлекеттік зейнетақымен қамсыздандыруға көшірілген әскери қызметшілер;

-елден тыс жерлерге тұрақты тұруға көшіп кеткен, бірақ зейнетақы жинақтарын алуға жүгінбеген салымшылар;

-қайтыс болған, ал мұрагерлері зейнетақы жинақтарына мұрагерлік рәсімін әлі ресімдемеген салымшылар;

-Қазақстан заңнамасына сәйкес шоттарына зейнетақы жарналары түспеуі тиіс салымшылардың (алушылардың) басқа да санаттары.

Сонымен қатар, әр адамның өмірінде зейнетақы жарналары төленуі тиіс табысы болмайтын объективті жағдайлар кездеседі. Оларға мыналар жатады:

-оқу орындарында білім алу;

-әскери қызмет өткеру;

-балаға және туыстарына күтім жасау;

-жұмыс іздеу және жұмыс ауыстыру кезеңдері;

-шетелде жұмыс істеу;

-жұмыстың маусымдық сипатына байланысты үзілістер;

-күнтізбелік жыл ішінде табысы тұрақты түрде түспейтін жұмысты атқару;

-ұзақ уақыт емделуге және оңалтуға байланысты кезеңдер.

Сондықтан халықаралық тәжірибеде халықтың жинақтаушы зейнетақы жүйесіне тартылуын бағалаудың жалпыға бірдей қабылданған әрі неғұрлым объективті көрсеткіштері ретінде табыс алатын азаматтардың саны және сәйкесінше жыл ішінде кемінде бір жарна түскен белсенді жеке зейнетақы шоттарының саны қарастырылады.

